

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 192 Қаулысы

(2022.22.06. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының [15-бабы екінші бөлігінің 75\) тармақшасына](#) сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидалары](#) бекітілсін.

2. Мына:

1) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 237 [қаулысының](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12994 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 237 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 187 [қаулысының](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15907 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Жоспарлау және бюджет басқармасы (Әдібаев А.С.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 27 тамыздағы
№ 192 [қаулысымен](#)
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2021.19.04. № 43 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#) 1-тармақ өзгертілді

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) оның құрылымына кіретін ведомстволардың, ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың мыналарды:

кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан еңбек шарттары және ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша сатып алынатын қызметтерді;

монетарлық қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын және бірыңғай жинақтау зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару бойынша қызметті жүзеге асыру үшін қажет тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

іссапар шығыстарын;

жарналар (салымдар), оның ішінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына жарналар (салымдар) енгізуді;

бағалы қағаздарды сатып алу;

басқару органы және бақылау кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеуді;

өкілдік шығыстарымен байланысты тауарларды, көрсетілетін қызметтерді;

егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелердің көрсетілетін қызметтерін;

соттардағы, төреліктердегі және аралық соттардағы дауларды шешу үшін қажетті алымдарды, басқа шығыстарды төлеуді;

Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің заңнамасында айқындалған алымдарды және төлемдерді төлеуді;

мемлекеттік тапсырыстарды орындаумен байланысты өнімді өндіруге арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

адвокаттардың, нотариустардың, жеке сот орындаушыларының көрсетілетін қызметтерін;

сақтандыру қызметтерін қоспағанда, трансфер-агент көрсететін қызметтерді, қаржылық қызметтерді;

бағалы қағаздардың шетелдік депозитарийі және банктер көрсететін қызметтерді, сондай-ақ оларды көрсету үшін қажетті тауарлар мен қызметтерді;

мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді;

уақытша сақтау қоймалары көрсететін қызметтерді және осындай қызметтермен байланысты алымдарды, басқа да төлемдерді төлеуді;

«Назарбаев Университеті» білім берудің автономды ұйымында оқыту, сондай-ақ курстарда, семинарларда, тренингтерде, тағылымдамаларда және жоғары оқу орнынан кейінгі шетелдегі жоғары білім саласында біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді;

дүлей күш жағдайларының туындауы кезінде өткізілетін іс-шаралар шеңберінде, оның ішінде төтенше оқиғаларды және олардың салдарларын алдын алуға және жоюға бағытталған, сондай-ақ тез арада қалпына келтіруді талап ететін тетіктердің, агрегаттардың, жабдықтардың, бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етулердің, қосалқы бөлшектердің және материалдардың сынуы, істен шығуы туындағанда (растау құжаттары болған кезде), электр энергетикалық объектілердегі, тіршілікті қамтамасыз ететін коммуникациялық жүйелердегі, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріндегі, ерекше маңызды мемлекеттік объектілердегі және террористік тұрғыдан осал объектілердегі, сондай-ақ өнеркәсіп салаларының және қызмет түрлерінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10310 болып тіркелген «Қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 353 [бұйрығына](#) сәйкес қауіпті өндірістік объектілер ретінде сәйкестендірілген объектілеріндегі апаттарды жою үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан филиалдарының және өкілдіктерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ ішкі кооперация бойынша сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

тауар биржалары арқылы тауарларды;

мемлекеттік бағдарламаларды, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдерін және тапсырмаларын, Ұлттық Банк Басқармасының немесе Директорлар кеңесінің шешімдерін

іске асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді. Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді иелену жағдайларының тізбесі осы Қағидаларға [1-қосымшада](#) көзделген;

құқықтық тәртіпті, ұлттық, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы [заңнамасын](#) және қолжетімділік шектелген өзге де ақпаратты сақтау қажеттілігіне байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

мемлекеттік және табиғи монополия субъектілерінен тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер алуды;

сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау қызметтерін;

Қазақстан Республикасының немесе басқа елдердің заңнамасында белгіленген бағалар мен тарифтер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі сауда-саттықтарда (аукциондарда), тендерлерде өткізілетін мүлікті;

сатып алынатын тауарларға қатысты ерекше құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

шетелдік құқықты қолдануға байланысты мәселелер мен (немесе) құжаттар бойынша, тапсырыс берушінің мүдделерін халықаралық төрелікте, халықаралық коммерциялық төрелікте, шетелдік сот органдарында, сондай-ақ дауларды төрелік (соттың) реттеуге дейін қорғау және білдіру, істі қарау перспективаларын бағалау бойынша консультациялық және заң қызметтерін қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді иелену тәртібін айқындайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2021.19.04. № 43 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#) 2-тармақ өзгертілді

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті жеткізуші - тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы), кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға тапсырыс беруші осындай жеке тұлғаға жеке меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді сатып алған (жалға алған) жағдайда әлеуетті жеткізуші болып табылады;

2) әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы - әлеуетті жеткізушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал ететін кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әлеуетті жеткізушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

3) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер - бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауына және өзара алмастыруына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдас бөліктерден тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

4) біріздендіру - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді рұқсат етілетін элементтер мен шешімдер тізбесін қысқарту, оларды біртектілікке келтіру арқылы артық әртүрлілікті жоюға бағытталған сатып алу;

5) бюджет - тапсырыс берушінің бюджеті (шығыстар сметасы), бизнес-жоспары (жылдық бюджеті), даму жоспары;

6) жеткізуші - заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы), тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы шартта оның қарсы агенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға. Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға, тапсырыс беруші осындай жеке тұлғаға жеке меншік

құқығында тиесілі баспананы сатып алған (жалға алған) жағдайда жеткізуші болып табылады;

7) жұмыс - заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

8) көрсетілетін қызмет - тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

9) қаржы жылы - ағымдағы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын уақыт кезеңі;

10) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі - «Мемлекеттік сатып алу туралы» (бұдан әрі - Мемлекеттік сатып алу туралы заң), «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес қалыптастырылатын әлеуетті жеткізушілер мен жеткізушілердің тізбесі;

11) сараптама комиссиясы (сарапшы) - әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының тапсырыс берушінің сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты техникалық ерекше нұсқамасына сәйкес келуі не сәйкес келмеуі туралы сараптамалық қорытындыны дайындау үшін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) құратын (айқындайтын) алқалы орган (маман);

12) сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсатында тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидаларға сәйкес жүзеге асыратын өзара байланысты, жүйелі іс-шаралар кешені;

13) сатып алуды ұйымдастырушы - тапсырыс берушінің бөлімшесі немесе филиалы немесе ведомствосы, тапсырыс берушінің шешімімен сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу рәсімі үшін жауапты заңды тұлға;

14) сатып алу порталы - электрондық сатып алуға бірыңғай қолжетімділік нүктесін ұсынатын ақпараттық жүйе;

15) тапсырыс беруші - бөлімшелері, филиалдары, өкілдіктері, ведомстволары арқылы Ұлттық Банк, сондай-ақ Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

16) стандарттау - нақты және әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға бірдей, көп мәрте және ерікті пайдалану ережелерін белгілеу арқылы тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды реттеудің оңтайлы дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

17) сатып алу - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушінің бюджеті қаражатының есебінен Қағидаларда белгіленген тәртіппен сатып алу;

18) тендерлік комиссия - тендер тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

19) ұзақ мерзімді шарт - 12 (он екі) айдан аса мерзімге жасалатын сатып алу туралы шарт;

20) Ұлттық Банктің ұйымдары - Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлікпен басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

21) тауар - нәрсе (зат), оның ішінде жартылай фабрикат немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтендірілген нәтижелері, сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

22) ішкі кооперация - тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) Ұлттық Банктен немесе Ұлттық Банктің ұйымынан не олардың үлестес тұлғаларынан олардың

ережесінде немесе жарғысында көзделген, сондай-ақ тапсырыс берушінің қызметін тоқтаусыз және үздіксіз жүзеге асыруды қолдауға және қамтамасыз етуге бағытталған қызмет шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

23) электрондық сатып алу - «Қазақстан Ұлттық Банкінің Банктік сервис бюросы» акционерлік қоғамы оператор болып табылатын сатып алу порталын пайдалана отырып тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

24) сатып алу туралы шарт - 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының [Азаматтық кодексіне](#) (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының [Азаматтық кодексіне](#) (Ерекше бөлім) (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі) және Қағидаларға сәйкес тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін жазбаша нысанда жасалған азаматтық-құқықтық мәміле.

3. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сатып алуды жүргізу кезінде мынадай қағидаттарды негізге алады:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысуы үшін тең жағдай жасау;

3) әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) сатып алу процесінің жариялылығы және айқындылығы.

5) ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесінде:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын қалыптастыру және бекіту;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау және онымен сатып алу туралы шарт жасау;

3) сатып алу туралы шартты орындау қамтылады.

5. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші өзінің шешімімен сатып алуды ұйымдастырушыны айқындайды.

6. Тапсырыс берушілер заңды тұлғаны сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде айқындауға құқылы. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы тапсырыс берушілердің бірлескен шешімдерімен айқындалады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 6-1-тармақпен толықтырылды; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен](#) 6-1-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

6-1. Сатып алу порталының операторы:

1) сатып алу порталын енгізу, дамытуды, қолдауды және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді;

2) сатып алу порталын дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды;

3) тапсырыс берушілер мен әлеуетті жеткізушілерге сатып алу порталына қол жеткізуді ақылы негізде қамтамасыз етуді. Тапсырыс берушілер мен әлеуетті жеткізушілердің сатып алу порталына қол жеткізу қызметтерінің бағасын сатып алу порталының операторы белгілейді;

4) Тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға), әлеуетті жеткізушілерге сатып алу порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша өтеусіз негізде консультациялық көмек көрсетуді;

5) сатып алу порталында орналастырылған электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;

6) Қағидаларға сәйкес сатып алу порталын ақпараттық толықтыруды қамтамасыз етуді;

7) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды интеграциялау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қимыл жасауды;

8) өздері мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарттары бойынша міндеттемелерін орындамаған жеткізушілердің, сондай-ақ сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізушілердің дерекқорын (бұдан әрі - дерекқор) жүргізуді жүзеге асырады.

Сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерді орындамағандарға тауарды жеткізбеген, қызметтерді көрсетпеген және жұмыстарды орындамаған, оның ішінде толық көлемде орындамаған, олармен сатып алу туралы шарттар біржақты тәртіппен бұзылған жеткізушілер жатады.

Дерекқор барлық тапсырыс берушілер үшін бірыңғай болып табылады және сатып алу порталын енгізгенге дейін Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 6-2-тармақпен толықтырылды

6-2. Сатып алу порталының операторы Қағидалардың [176-1](#) және [192-1-тармақтарына](#) сәйкес тапсырыс берушілер жіберетін ақпаратты алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны шартты бұзу және әлеуетті жеткізушіні шарт жасасудан жалтарған деп тану күнін көрсете отырып, дерекқорға орналастырады.

Жеткізуші немесе әлеуетті жеткізуші туралы ақпарат өзі мен тапсырыс беруші арасындағы шарт бұзылған не ол шарт жасасудан жалтарған деп танылған күннен бастап 2 (екі) жыл өткеннен кейін дерекқордан алып тасталады.

7. Өткізілетін (өткізілген) сатып алу жөніндегі құжаттарды тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) бекітілген іс номенклатурасына сәйкес тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сақтайды.

8. Әлеуетті жеткізуші мен оның үлестес тұлғасының бір тендерге (лотқа) қатысуға құқығы жоқ.

2-тарау. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 9-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

9. Тапсырыс беруші бекітілген бюджеттің негізінде Қағидаларға [1-1-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын (бұдан әрі - сатып алу жоспары) әзірлейді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 10-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

10. Қаржы жылына арналған сатып алу жоспары Қағидаларда белгіленген тәртіппен, оның ішінде жұмыс істеуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ тапсырыс берушінің мемлекеттік функцияларын не жарғылық қызметін орындауға қажетті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілігі негізінде қалыптастырылады.

11. Сатып алу жоспарын (оған өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды) тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге тұлға бекітеді және ол мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы;
- 2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген, қосылған құн салығы есепке алынбаған сома;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімдері.

Тапсырыс беруші ұзақ мерзімді шарт жасауды жоспарлаған кезде, сатып алу үшін бөлінген сома сатып алу жоспарында әрбір қаржы жылына бөліне отырып көрсетіледі.

12. Тапсырыс беруші сатып алу жоспары бекітілген (оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оны тапсырыс берушінің интернет-ресурсында және (немесе) сатып алу порталында орналастырады.

13. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) бекітілген сатып алу жоспарының негізінде жүзеге асырады.

14. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығыстар қысқартылған;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығы негізделген;

3) дүлей күш жағдайлары басталған жағдайларда жол беріледі.

15. Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудан бас тартуды сатып алу жоспарына енгізілген тиісті өзгерістер негізінде жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші осындай шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатып алуды ұйымдастырушы мыналарды жүзеге асырады:

1) өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларды қабылданған шешім туралы хабардар етеді және тиісті хабарландыруды тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында және (немесе) сатып алу порталында жариялайды;

2) тендерлік өтінімдерді қамтамасыз етуді және (немесе) шарттардың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

16. Тапсырыс беруші Қағидалардың [14-тармағының 1\) және 2\) тармақшаларында](#) көрсетілген негіздер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудан бас тартқан жағдайда, сатып алу жоспарына ағымдағы жылы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттілігін және шығыстарды ұлғайту немесе орындылығының туындауы бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

3-тарау. Сатып алу тәсілдері

17. Сатып алу келесі тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) тендер, оның ішінде бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып;

2) баға ұсыныстарын сұрату;

3) тікелей шарт жасау тәсілдерімен жүзеге асырылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен](#) 18-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

18. Қағидалардың [17-тармағында](#) көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып алулар Қағидаларда көзделген тәртіппен электрондық сатып алу арқылы да жүргізіледі.

19. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілін тапсырыс беруші дербес таңдайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен](#) 20-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

20. Тапсырыс беруші сатып алу тәсілін осындай сатып алуды тапсырыс берушінің атынан тапсырыс беруші филиалының, өкілдігінің жүзеге асыру талабы кезінде оның филиалының және (немесе) өкілдігінің қызметін қамтамасыз етуге қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлеміне орай айқындайды.

4-тарау. Тендер тәсілімен сатып алу

1-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

21. Біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде сатып алуды ұйымдастырушы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды олардың біртекті түрлері бойынша лоттарға бөле отырып тендер тәсілімен өткізеді.

22. Тендер тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін тапсырыс беруші:

1) тендерлік комиссияның құрамын, тендерлік комиссия хатшысының кандидатурасын, сондай-ақ Қағидаларда көзделген жағдайларда сараптама комиссиясының құрамын (сарапшының кандидатурасын);

2) сондай-ақ мыналар кіретін тендер талаптарын:

Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес жасалған, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамасы қамтылатын, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын (бұдан әрі - ерекше нұсқама);

Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану және олардың маңыздылығының шамасын есептеу әдістемесі (болған кезде);

сатып алу туралы шарттың жобасын бекітеді.

23. Мыналар:

1) орнатылған жабдықты, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз етуді (лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық жүйені) толық жасақтау, жаңғырту және толық жарактандыру;

2) тапсырыс берушіде бар тауарды (жабдықты) жөндеу және (немесе) оған қызмет көрсету үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, техникалық ерекше нұсқамада тауар таңбаларының нұсқауларын, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерін, тауардың шығарылған жерінің және өндірушінің атауын, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті жеткізушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларды көрсетуге жол берілмейді.

24. Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын белгілеу қажеттілігін тапсырыс беруші дербес айқындайды.

25. Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану (бұдан әрі - бағалау өлшемшарттары) Қағидаларға [4-қосымшада](#) көзделген әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану және олардың маңыздылығы шамасын есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

26. Техникалық ерекше нұсқаманы әзірлеуді, әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын және олардың мәнінің мөлшерін белгілеуді тапсырыс берушінің функциялары сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мәніне сәйкес келетін бөлімшелерінің (филиалдарының) қызметкерлері қамтамасыз етеді.

27. Тендерлік комиссия бағалау өлшемшарттарын қолдануға мүмкіндік беретін ақпарат қамтылған құжаттарды ұсынбаған әлеуетті жеткізушілердің өтінімдеріне бағалау өлшемшарттарын қолданбайды. Әлеуетті жеткізушілердің құжаттарды ұсынбауы осындай өтінімді қабылдамау үшін негіз болып табылмайды.

28. Тендерлік комиссияның шешімдері сатып алу хаттамалары түрінде ресімделеді, оларға тендерлік комиссияның мүшелері қол қояды, оның хатшысы әрбір бетіне қол қояды және оларға қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік

комиссияның хатшысы тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялайды.

29. Тендер тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу хаттамаларына электрондық цифрлық қолтаңбаларды пайдалана отырып тендерлік комиссияның мүшелері, оның хатшысы қол қояды және тендер қатысушыларына автоматты түрде хабарлана отырып сатып алу порталында жарияланады.

2-параграф. Тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы)

30. Тендерлік комиссияның құрамына тендерлік комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары, мүшелері және тендерлік комиссияның хатшысы кіреді.

31. Тендерлік комиссия тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) қызметкерлерінің арасынан қалыптастырылады.

32. Тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге тұлға тендерлік комиссияның төрағасы болады.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын тендерлік комиссия төрағасының орынбасары орындайды. Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ сан болады және кемінде 3 (үш) адам болып айқындалады.

33. Тендерлік комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап жұмыс істейді және өзінің қызметін сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап тоқтатады. Егер тендер өткізілмесе, тендерлік комиссия өзінің қызметін сатып алу қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін тоқтатады.

34. Тендерлік комиссияның отырысы тендерлік комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің қатысуы шартымен өткізіледі.

Тендерлік комиссия мүшелерінің біреуі болмаған жағдайда сатып алу хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі не ол тапсырыс берушінің шешімі негізінде ауыстырылады.

35. Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және, егер оған тендерлік комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда тендерлік комиссияның төрағасы немесе оның орынбасары (тендерлік комиссияның төрағасы болмаған жағдайда) дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Тендерлік комиссияның мүшесі тендерлік комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда ерекше пікір білдіреді, ол жазбаша түрде баяндалады және сатып алу хаттамасына қоса беріледі.

Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы болмайды.

36. Әлеуетті жеткізушілердің техникалық ерекше нұсқамаларын, тендерлік өтінімдердің тендер талаптарына сәйкес келуін бағалау өлшемшарттарын бағалауды функциялары сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мәніне сәйкес келетін тапсырыс беруші бөлімшелерінің (филиалының) қызметкерлерінен тұратын тендерлік комиссия мүшелері жүзеге асырады.

37. Тендерлік комиссияның ұйымдастыру қызметін тендерлік комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді, ол:

1) тендерлік комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, тендерлік комиссияның отырысын өткізуді ұйымдастырады;

2) сатып алу хаттамаларын ресімдейді;

3) тендер құжаттары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

4) Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

38. Техникалық ерекше нұсқаманы дайындау немесе әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерінің тапсырыс беруші бекіткен техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес келуін немесе сәйкес келмеуін қарау және бағалау үшін тапсырыс берушінің (сатып алуды

ұйымдастырушының) шешімі негізінде сараптама комиссиясын (сарапшыны) тартуға жол беріледі.

Сатып алу рәсімдерінің нәтижелеріне мүдделі адамдарды сарапшылар ретінде тартуға жол берілмейді.

39. Тапсырыс берушіде (сатып алуды ұйымдастырушыда) қажетті біліктілігі бар сарапшылар болмаған жағдайда, сарапшыларды тараптардың уағдаластығы бойынша ақылы немесе өтеусіз негізде тартуға жол беріледі.

Бірнеше сарапшы тартылған жағдайда тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) тартылған сарапшылардың қатарынан сараптама комиссиясын құрады және олардың арасынан сараптама комиссиясының басшысын белгілейді.

40. Сараптама комиссиясы (сарапшы) әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерін бағалау нәтижелері бойынша сараптамалық қорытындыны ресімдейді және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы болмайды.

Сараптама комиссиясының (сарапшының) қорытындысы талап етілетін талаптар шегінде жасалса, оны тендерлік комиссия ескереді. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сараптама комиссиясы (сарапшы) қол қояды және тендер қорытындылары туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сараптама комиссиясының мүшесі сарапшы сараптама комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда ерекше пікірін жазбаша түрде баяндайды, ол сараптама комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

3-параграф. Тендер өткізу туралы хабарлау, тендер талаптарын түсіндіру тәртібі

41. Сатып алуды ұйымдастырушы тендер жүргізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерді соңғы ұсыну күнінен кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын Қағидаларға [5-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша тендер талаптарымен тендер өткізу туралы хабарландыруды тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында не тендер тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу порталында жариялайды.

42. Сатып алуды ұйымдастырушы қайталама тендер талаптарымен тендер өткізу туралы хабарландыруды қайталама сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы күні аяқталғанға дейін кем дегенде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын жариялайды.

43. Әлеуетті жеткізушілер тендер талаптарын түсіндіру қажет болған жағдайда тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы күні аяқталғанға дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын сатып алуды ұйымдастырушыға өтініш береді.

Тендер талаптарын түсіндіру туралы сұрату сатып алуды ұйымдастырушыға хабарландыруда көрсетілген электрондық немесе пошталық мекенжайға жазбаша түрде жіберіледі.

44. Сатып алуды ұйымдастырушы тендер талаптарын түсіндіреді.

45. Сатып алуды ұйымдастырушы сұратуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

1) тендердің талаптарын түсіндіру мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында не тендер тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу порталында жариялайды;

2) сұратудың кімнен түскенін көрсетпей, тендердің талаптарын түсіндіру мәтінін тендер талаптарына рұқсат алған әлеуетті жеткізушілерге электрондық пошта бойынша жібереді не тендер тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу порталы арқылы әлеуетті жеткізушілерді автоматты түрде хабардар етеді.

46. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік өтінімдерді берудің соңғы күні аяқталғанға дейін күнтізбелік 3 (үш) күннен кешіктірмей өзінің бастамасы бойынша немесе әлеуетті жеткізушінің сұратуына жауап ретінде тендердің талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

Тендердің талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тапсырыс берушінің тиісті шешім қабылдауы арқылы жүзеге асырылады.

47. Сатып алуды ұйымдастырушы тендердің талаптарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тендердің талаптарына енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында не тендер тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу порталында жариялайды.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік 5 (бес) күнге ұзартылады.

4-параграф. Тендерлік өтінімді ұсыну тәртібі

48. Тендерлік өтінім әлеуетті жеткізушінің тендер талаптарына сәйкес тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.

49. Әлеуетті жеткізуші 1 (бір) тендерлік өтінімді хабарламада көрсетілген түпкілікті ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін ұсынады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 50-тармақ өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

50. Әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынатын тендерлік өтінімде мыналар қамтылады:

1) әлеуетті жеткізуші Қағидаларға [6-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша толтырған және қол қойған тендерге қатысуға өтінім немесе Қағидаларға [7-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша электрондық сатып алуды жүргізу кезінде тендерге қатысу туралы келісім.

Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді берген кезде онда көрсетілген мәліметтердің дәйектілігін растайды;

2) әлеуетті жеткізуші өзінің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау ретінде ұсынатын құжаттардың тізбесі:

заңды тұлғалар үшін құқық қабілеттілігін, жеке тұлғалар үшін азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігін растайтын құжаттар;

заңды тұлға қызметін Үлгілік жарғының негізінде жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, заңды тұлға заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының көшірмесін ұсынады, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері сауда тізілімінен қазақ және (немесе) орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен (құжаттар шет тілінде ұсынылған жағдайда) қоса апостильденген (заңдастырылған) үзінді-көшірмені ұсынады;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы [заңнамасына](#) сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжат нысанындағы рұқсаттар (хабарламалар) (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) көшірмелерін ұсынады);

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі;

құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарының (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың

құрамы қамтылмаған жағдайда) үзінді-көшірмесінің көшірмесін не тендерлік өтінімдерді ашу күннің алдындағы бір айдан ерте емес берілген акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді-көшірменің көшірмесі;

электрондық дерекқордан алынған, кәсіпкерлік субъектілердің санаттары туралы мәліметтер қамтылған электрондық анықтама нысанындағы кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы ақпарат;

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке тұлғалар үшін);

егер әлеуетті жеткізуші жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету), оның ішінде қосалқы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін қосалқы мердігерлерді (бірлескен орындаушыларды) тартуды болжаса, тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлескен орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

3) әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы;

4) банк кепілдігінің түпнұсқасы (электрондық сатып алуды өткізу кезінде электрондық банктік кепілдік түрінде) не тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) банк шотында орналастырылатын кепілдік ақша жарнасын енгізуді растайтын төлем құжаты түріндегі Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мөлшерде тендерлік өтінімді қамтамасыз ету;

5) әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің мүддесін білдіретін адамға (адамдарға) тендерлік өтінімге қол қою және тендерлік комиссия отырыстарына қатысуға берілген сенімхат;

6) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық қолданылған тендерді қоспағанда, Қағидаларға [8-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша тендерлік баға ұсынысы;

7) тендерде сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлескен орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ Қағидаларға [9-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлері (олар тартылған жағдайда);

8) өтінімге тапсырыс беруші бекіткен бағалау өлшемшарттарын қолдануды растайтын құжаттар (егер әлеуетті жеткізуші бағалау өлшемшарттарын қолдануға ниет білдірген жағдайда);

9) заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум), осы консорциумның қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар сатып алуға қатысқан жағдайда, өздерінің біліктілік талаптарын растау үшін осы Қағидаларда көзделген құжаттардан басқа мынадай құжаттардың көшірмелерін ұсынады:

заңды тұлғалардың мүшелері арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттар (консорциялық келісім);

рұқсат (хабарлама) талап етілетін, бірлескен шаруашылық қызмет (заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциум) қатысуы кезінде) туралы шартта көзделген қызметі бөлігіндегі мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы [заңнамасына](#) сәйкес алынған (жолданған) электрондық құжат нысанындағы рұқсаттар (хабарламалар) (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жолданған) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) көшірмесін ұсынады). Консорциум қатысушылары көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес, айналысу үшін рұқсат алу қажет болатын, жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын құқық қабілеттілігі болуы бөлігінде консорциум біліктілік талаптарына сәйкес деп танылады.

Электрондық сатып алу өткізілген кезде әлеуетті жеткізуші әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады.

51. Тендерлік өтінім қазақ және (немесе) орыс тілдерінде беріледі.

52. Тендерлік өтінімдердің қолданыс мерзімі тендерлік өтінімдерді ашқан күннен бастап кемінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күн мерзімге белгіленеді.

53. Қазақстан Республикасының бейрезидент әлеуетті жеткізушісі Қағидалардың [50-тармағында](#) Қазақстан Республикасының резиденттері үшін көзделген құжаттарды не осындай мәліметтері бар, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес апостильденген (заңдастырылған) құжаттарды қазақ және (немесе) орыс тілдеріндегі нотариат куәландырған аудармасымен қоса (құжаттарды шет тілінде ұсынған жағдайда) ұсынады.

54. Тендерлік өтінімді әлеуетті жеткізуші хабарландыруда көрсетілген тендерлік өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін тігілген, беттері нөмірленген түрде конвертке салып ұсынады, соңғы беті әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген адамның қолымен куәландырылады.

Тендерлік баға ұсынысы жеке конвертке салынып мөр басылады және тендерлік өтініммен бірге қоса беріледі.

55. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгенін растайтын құжат жеке беріледі.

56. Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімі бар конверттің бет жағында:

1) әлеуетті жеткізушінің атауы мен пошталық мекенжайын;

2) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы мен пошталық мекенжайын;

3) тендердің (лоттың) атауын көрсетеді.

57. Сатып алуды ұйымдастырушы тендерлік өтінімдерді тіркеу журналына тендерлік өтінімдер бар конверттерді белгіленген мерзім аяқталғанға дейін ұсынған әлеуетті жеткізушілер туралы мәліметтерді хронологиялық тәртіппен енгізеді.

58. Тендерлік комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізушілер ұсынған тендерлік өтінімдерді оларды қабылдаған сәттен бастап және оларды тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) белгілеген тәртіппен мұрағатқа сақтауға бергенге дейін сақтау бойынша жауапкершілік атқарады.

59. Хабарландыруда белгіленген мерзім аяқталған соң, сондай-ақ Қағидаларда белгіленген ресімдеу тәртібін бұзумен ұсынылған тендерлік өтінім бар конверт ашылмайды және әлеуетті жеткізушіге қайтарылады.

60. Электрондық сатып алу тендер тәсілімен өткізілген кезде тендерлік өтінім сатып алу порталында автоматты түрде тіркеледі және сатып алу порталы тендерлік өтінім берген әлеуетті жеткізушіге хабарлама берген сәттен бастап қабылданған болып саналады.

61. Әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға электрондық құжаттар нысанда ұсынған құжаттар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының не ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

62. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін әлеуетті жеткізушінің енгізілген тендерлік өтінімін қамтамасыз етуді қайтару құқығы сақтала отырып, өзінің тендерлік өтінімін өзгертуіне және (немесе) толықтыруына не кері қайтарып алуына рұқсат етіледі. Тендерлік өтінімге өзгеріс және (немесе) толықтыру тендерлік өтінім ресімделіп, ұсынылатын тәртіпке ұқсас тәртіппен ресімделіп, ұсынылады.

63. Тендерлік өтінімді кері қайтару туралы хабарламаны әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушының мекенжайына еркін нысанда ресімдейді.

64. Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін тендерлік өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты оны кері қайтарып алуға жол берілмейді.

65. Сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынылатын тендерлік өтінім мынадай:

1) егер әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді бұрын ұсынған;

2) тендерлік өтінім тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды не сатып алу порталы автоматты түрде қабылдамайды.

66. Әлеуетті жеткізуші өзінің тендер тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы) тендер тәсілімен өткізілетін сатып алудың нәтижесіне қарамастан осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелерді атқармайды.

5-параграф. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету

67. Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді, өзінің:

1) өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталған соң өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алмайтындығына не өзгертпейтініне;

2) оны тендердің жеңімпазы болып айқындалған жағдайда тапсырыс берушімен тендердің қорытындылары туралы хаттамада белгіленген мерзімде сатып алу туралы шарт жасайтындығына және егер өткізіліп отырған сатып алудың талаптарында осындай қамтамасыз етуді енгізу көзделген жағдайда, сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізетініне кепіл ретінде енгізеді.

68. Тендерлік өтінімді қамтамасыз ету осы тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу үшін көрсетілген соманың 1 (бір) пайызы мөлшерінде енгізіледі.

Тиынмен есептелген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте 50 (елу) тиыннан кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

69. Тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің қолданыс мерзімі тендерлік өтінімдерді ашқан күннен бастап есептеледі.

70. Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінім берілетін лоттарға ғана тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жалпы сомасының 1 (бір) пайызына тең лоттардан тұратын тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді әрбір мәлімделген лот бойынша қамтамасыз ету сомаларын бөлмей енгізуге жол беріледі.

71. Қазақстан Республикасының бейрезидент әлеуетті жеткізушісі енгізген, өзге валютада көрсетілген тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің Қағидалардың талаптарына сәйкестігін анықтау үшін тендерлік комиссия тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді төлем аударылған (банк кепілдігі) берілген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының ақша бірлігіне аударады.

72. Әлеуетті жеткізуші тендерлік өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) банктік шотына енгізілетін кепілдік берілген ақша жарнасын;

2) Қағидаларға [10-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша банк кепілдігін таңдайды.

73. Әлеуетті жеткізушінің үшінші тұлғалардың оның тендерлік өтінімінің қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін енгізілген кепілдік берілген ақша жарнасына тұтастай не бір бөлігіне талап ету құқығының туындауына әкелетін іс-әрекеттерді жасауына жол берілмейді.

Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) әлеуетті жеткізуші енгізген кепілдік берілген ақша жарнасын пайдалануына жол берілмейді.

74. Банк кепілдігінің қолданыс мерзімі тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімінен кем емес мерзімге белгіленеді. Банк кепілдігінің қолданыс мерзімі тендерлік өтінімді ұзарту мерзіміне ұзартылады.

75. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімді қамтамасыз етуі жоқ барлық тендерлік өтінімдерді Қағидалардың талаптарына сай келмейтін өтінім ретінде кері қайтарады.

76. Әлеуетті жеткізуші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету әлеуетті жеткізушіге мынадай жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады:

1) осы әлеуетті жеткізуші өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің тендерлік өтінімін кері қайтарып алғанда;

2) тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылғанда.

Көрсетілген жағдай тендерге қатысушылар деп танылған әлеуетті жеткізушілерге қолданылмайды;

3) тендердің қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғанда.

Көрсетілген жағдай жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізушіге қолданылмайды;

4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және (немесе) тендер жеңімпазының сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгенде.

77. Әлеуетті жеткізуші енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз ету мынадай:

1) әлеуетті жеткізуші өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін тендерлік өтінімді қайтарып алған не өзгерткен және (немесе) толықтырған;

2) тендердің жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шартты жасасудан жалтарған;

3) тендер жеңімпазы сатып алу туралы шартты жасаса отырып, Қағидалардың [181-тармағының](#) екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу туралы шартты орындауды енгізу туралы талапты орындамаған не уақтылы орындамаған;

4) бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендерге қатысушылардың ешқайсысы сауда-саттық басталғаннан кейін 10 (он) минут ішінде (электрондық сауда-саттықты жүргізу кезінде - 30 (отыз) минут ішінде) өткізілетін тендердің (лоттың) мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсынысты бермеген жағдайлардың бірі орын алған кезде қайтарылмайды. Бұл жағдайда тендердің барлық қатысушыларына сатып алуды ұйымдастырушы 1 (бір) пайызға тең, бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендерлік өтінімнің қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

6-параграф. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу

78. Тендерлік баға ұсыныстарын қоспағанда, келіп түскен тендерлік өтінімдер хабарландыруда көрсетілген күні, уақытта және орында ашылады.

79. Тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде тендерге қатысуға өтінімді ұсынған әлеуетті жеткізушінің және (немесе) құжаттамамен ресімделген өкілеттіктері болған кезде оның уәкілетті өкілінің қатысуына рұқсат етіледі.

80. Тендерлік баға ұсыныстары әлеуетті жеткізушілер тендерге қатысуға жіберілгеннен кейін не тендерге қатысуға бір өтінім ұсынылған жағдайда ашылады.

81. Тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы мынадай кезектілікпен өткізіледі:

1) тендерлік комиссияның төрағасы немесе төраға белгілеген адам:

қатысушыларға:

тендерлік комиссияның құрамы;

әлеуетті жеткізушілердің тендердің шарттарын түсіндіру бойынша сұратуларының болуы не болмауы;

тендердің шарттарына енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың болуы не болмауы;

тендерге қатысуға өтінімдер ұсынған әлеуетті жеткізушілер туралы ақпарат береді; осы тендер бойынша өзге да ақпаратты жария етеді;

2) тендерлік комиссияның хатшысы:

тендерлік баға ұсыныстары бар конверттерді қоспағанда, тендерге қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашады және өтінімдегі құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді;

әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдерінен тендерлік комиссияның әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешіміне қатысты шағымдардың болуы туралы сұратады;

әлеуетті жеткізушілерді тапсырыс берушінің (сатып алушының) интернет-ресурсында тендерге қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасының мәтінін орналастыру мерзімі туралы хабардар етеді;

тендерге қатысуға өтінімдерді ашудың тиісті хаттамасын ресімдейді, оны жариялайды.

82. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы мынадай мәліметтерден тұрады:

1) отырысты өткізу күні, уақыты және орны;

2) тендерлік комиссияның құрамы;

3) лоттар мен сатып алу үшін бөлінген сомаларды көрсетумен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы;

4) өтінімдерді ұсыну күнін және уақытын көрсетумен белгіленген мерзімдерде өтінімдер ұсынған әлеуетті жеткізушілердің атауы және нақты мекенжайы;

5) өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінен кейін ұсынған немесе өздерінің тендерлік өтінімдерін кері қайтарып алу себебіне байланысты өтінімдері кері қайтарылған әлеуетті жеткізушілердің атауы және нақты мекенжайы;

6) өтінімде келтірілген құжаттардың тізбесі;

7) басқа ақпарат (бар болса).

83. Электрондық сатып алу жүргізу кезінде электрондық өтінімдерді ашуды әлеуетті жеткізушіге тендерге қатысуға рұқсат берілгеннен кейін не тендерге қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда қолжетімді болатын тендерлік баға ұсынысын есепке алмағанда, тендерлік комиссияның хатшысы сатып алу порталында жүргізеді.

84. Тендерлік комиссияның хатшысына тендерге қатысуға өтінімдерді ашуға қолжетімділік сатып алу порталы сатып алуды ұйымдастырушы тендер әдісімен электрондық сатып алу жүргізу туралы хабарламада көрсеткен күн мен уақытта автоматты түрде ұсынылады.

85. Әлеуетті жеткізушілердің хабарламада белгіленген мерзімде тендерге қатысуға ұсынылған өтінімдері ашылады.

86. Тендерге қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы сатып алу порталында автоматты түрде қалыптастырылады.

7-параграф. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарау

87. Тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды тендерлік комиссия оларды ашу күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

88. Егер тендерге (лотқа) қатысуға тек бір ғана өтінім ұсынылса, ол өтінім де әлеуетті жеткізушінің тендер талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қаралады.

89. Тендерлік комиссия:

1) әлеуетті жеткізушілердің тендерге қатысуға өтінімдерін әрбір лот бойынша тендер талаптарына сәйкес келуі не сәйкес келмеуі тұрғысынан қарайды;

2) құжаттардың толық тізбесін ұсынбаған және (немесе) тиісті түрде ресімделмеген құжаттар ұсынған әлеуетті жеткізушілерді анықтайды, сондай-ақ оларға тендерге қатысуға өтінімдерді тендер талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді;

3) тендерге қатысуға өтінімдер ұсынған әлеуетті жеткізушілерден жазбаша түрде материалдар және оларды қарау және салыстырып тексеру үшін түсініктемелер сұратады;

4) тендерге қатысуға өтінімде келтірілген мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан жазбаша түрде қажетті ақпарат сұратады. Қағидалардың [96-тармағына](#) сәйкес тендерлік комиссияның шешім қабылдауын

есепке алмағанда, тендерге қатысуға өтінімді тендер талаптарына сәйкес келтірумен байланысты тендерлік комиссияның сұратулары мен өзге іс-қимылдарына жол берілмейді;

5) тендер талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді анықтайды және оларды тендерге қатысушылар деп таниды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) 90-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

90. Тендерлік комиссия әлеуетті жеткізушілердің және (немесе) оның қосалқы мердігерлерінің (бірлескен орындаушыларының):

1) банкроттық рәсіміне не таратуға қатысы жоқтығы;

2) олар туралы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде мәліметтердің болуы немесе болмауы;

3) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес атқарушылық құжаттар бойынша республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде орындалмаған міндеттемелердің болуы;

4) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшыларының (акционерлерінің) болмауы бөлігінде сәйкестігін нақтылау мақсатында тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурсында не мемлекеттік ақпараттық жүйесінде орналастырылған ақпаратты қарайды.

91. Тендерлік комиссия тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу мынадай жағдайларда Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді деп таниды:

1) банк кепілдігінің қолданыс мерзімінің жеткіліксіздігі;

2) мынадай мәліметтердің болмауына байланысты банк кепілдігінің тиісті түрде ресімделмеуі:

сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтердің атаулары;

банктің уәкілетті тұлғасының қолдары;

банк кепілдігінің қолданыс мерзімі, сондай-ақ оны ұсыну талаптары;

банк кепілдігі берілген және оның пайдасына енгізілетін тұлға туралы мәліметтердің болмауына байланысты банк кепілдігін тиісті түрде ресімдемеу;

3) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу үшін бөлінген соманың 1 (бір) пайызынан кем мөлшерде енгізу.

92. Сараптама комиссиясы (сарапшы) тендерлік комиссияның төрағасы немесе оның орынбасары белгілеген мерзімде әлеуетті жеткізушілер ұсынған құжаттарды ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тапсырыс беруші бекіткен техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан Қағидалардың осы тарауының 2-параграфында көзделген тәртіпте қарайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 93-тармақ жаңа редакцияда

93. Әлеуетті жеткізуші мынадай:

1) тендерлік өтінім тендер талаптарына сәйкес келмеген;

2) дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі анықталған;

3) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрған;

4) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) банкрот болып табылған және (немесе) тарату процесіне жатқызылған;

5) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес

еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері болған;

6) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) сатып алу күніне дейін 2 (екі) жыл ішінде өзі мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтарған факті болған;

7) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайларда тендерге қатысуға жіберілмейді және тендерге қатысушы болып танылмайды.

94. Тендерге қатысуға ұсынылған өтінімде өтінімнің мәнін бұзбай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, өтінім тендер талаптарына жауап береді деп танылады.

95. Тендерге қатысуға өтінімдерді әлеуетті жеткізушілердің тендер талаптарына сәйкес келуі не келмеуі тұрғысынан қарау нәтижелері бойынша тендерлік комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) әлеуетті жеткізушілердің тендер талаптарына сәйкес келмеуі жағдайында тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын ресімдеу;

2) әлеуетті жеткізушілердің тендер талаптарына сәйкес келуі жағдайында тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдеу.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 96-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

96. Тендердің талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жеткізушілер анықталған жағдайда тендерлік комиссия мұндай әлеуетті жеткізушілерге тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасының мәтінін жариялау күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде тендерге қатысуға өтінімдерді тендер талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Тендерлік баға ұсынысын ұсынбаған және (немесе) тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны тендерге (лотқа) бөлінген сомасының нөл бүтін оннан тоғыз пайызынан (0,9%) кем мөлшерінде енгізген әлеуетті жеткізушілердің тендерлік өтінімдерін тендердің талаптарына сәйкес келтіруге рұқсат етілмейді.

97. Тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы мынадай ақпараттан тұрады:

1) тендерлік комиссия отырысының орны, күні және уақыты;

2) тендерлік комиссияның, сараптама комиссиясының (сарапшының) құрамы (олар тартылған жағдайда);

3) тендерге қатысуға өтінімдерді олардың тендер талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарау нәтижелері:

тендер талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілердің тізбесі;

олардың сәйкес келмеу себептерін көрсетумен тендер талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жеткізушілердің тізбесі;

4) тендерге қатысуға өтінімдерді тендер талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілген әлеуетті жеткізушілер;

5) әлеуетті жеткізушілердің тендерге қатысуға өтінімдерді тендер талаптарына сәйкес келтіру мақсатында ұсынатын қосымша құжаттарды қабылдау орны, күні және уақыты.

98. Егер тендер тәсілімен сатып алу лоттардан тұратын болса, онда алдын ала рұқсат беру хаттамасында әрбір лот бойынша тендерге қатысқан әлеуетті жеткізушілер көрсетіледі.

99. Тендерлік комиссия, сараптама комиссиясы (сарапшы) (олар тартылған кезде) әлеуетті жеткізушілер тендерге қатысуға өтінімді тендердің талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) әлеуетті жеткізушілер қосымша ұсынған құжаттарды қарайды (болған жағдайда);

2) тендер талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді анықтайды және тендерге қатысушылар деп таниды;

3) тендерлік баға ұсыныстарын ашу күнін көрсетумен тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

100. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттама мынадай ақпараттан тұрады:

1) тендерлік комиссия отырысының орны, күні және уақыты;

2) тендерлік комиссияның, сараптама комиссиясының (сарапшының) құрамы (олар тартылған жағдайда);

3) тендерге қатысуға өтінімді тендер талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілген, сондай-ақ тендерге қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген әлеуетті жеткізушілердің тізбесі;

4) тендер талаптарына сәйкес келетін және сәйкес келмейтін, сондай-ақ тендерге қатысуға рұқсат берілген және рұқсат берілмеген әлеуетті жеткізушілердің тізбесі;

5) тендерлік баға ұсыныстарын ашу орны, күні және уақыты.

8-параграф. Тендерлік баға ұсыныстарын ашу, бағалау және салыстыру тәртібі

101. Тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні, уақыты мен орында тендерлік комиссия тендерлік баға ұсыныстарын ашу, оларды бағалау және салыстыру бойынша отырыс өткізеді.

102. Тендерлік комиссия:

1) тендерге қатысушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомандан асатын тендерлік баға ұсынысын кері қайтарады;

2) Қағидалардың осы тарауының [9-параграфында](#) көзделген жағдайларда және тәртіппен демпингтік бағаны есептейді және тендерге қатысушының демпингтік болып табылатын тендерлік баға ұсынысын кері қайтарады;

3) тендерге қатысушылардың қайтарылмаған кемінде 2 (екі) тендерлік баға ұсыныстарына қатысты тендер талаптарында көзделген баға өлшемшарттарын есептейді;

4) тендердің жеңімпазын анықтайды.

103. Тендердің жеңімпазы ең төмен баға негізінде немесе бекітілген баға өлшемшарттарын қолдануды ескере отырып есептелген ең жоғары балл негізінде айқындалады.

Тендерлік баға ұсыныстарының бағалары немесе балдары тең болған кезде (баға өлшемшарттарын қолданған жағдайда) тендерлік баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан ерте келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

104. Ұсынысына тендер жеңімпазының ұсынысынан кейін неғұрлым басымдық берілетін әлеуетті жеткізуші тендер жеңімпазының бағасынан кейін келетін немесе тендер талаптарында көзделген баға өлшемшарттарын қолдануды ескере отырып есептелетін ең жоғары балл негізінде айқындалады.

105. Бағалау және тендерге қатысушылардың тендерлік баға ұсыныстарын салыстыру және тендер жеңімпазын анықтау нәтижелері бойынша тендер қорытындылары туралы хаттама ресімделеді.

106. Тендер қорытындылары туралы хаттама мынадай ақпараттан тұрады:

1) қорытынды жасау орны, күні және уақыты;

2) тендерлік комиссияның құрамы;

3) сатып алу жоспарына сәйкес сатып алуға бөлінген сома;

4) тендерге қатысушылардың тізбесі және олардың тендерлік баға ұсыныстары;

5) бас тарту себебін көрсетумен баға ұсыныстарынан бас тартылған тендерге қатысушылардың тізбесі;

6) баға өлшемшарттарын (олар бар болса) қолдану нәтижелері;

7) тендер жеңімпазы, сатып алу туралы шарттың сомасы, Қағидалардың [107-тармағында](#) көзделген құжаттарды ұсыну және сатып алу туралы шартты жасасу мерзімдері туралы мәліметтер;

8) ұсынысына тендер жеңімпазының ұсынысынан кейін неғұрлым басымдық берілетін тендерге қатысушы туралы мәліметтер.

107. Тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуші сатып алу қорытындысы туралы хаттама жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сатып алуды ұйымдастырушыға мыналарды ұсынады:

1) қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлға Қазақстан Республикасының бейрезиденттері сауда тізілімінен қазақ және (немесе) орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен (құжаттар шет тілінде ұсынылған жағдайда) қоса апостильденген (заңдастырылған) үзінді-көшірмені ұсынатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген жарғының нотариат куәландырған көшірмесін;

2) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), электрондық құжат нысанындағы, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттар (хабарламалар) (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, жеткізуші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін жібереді);

3) құрылтай құжаттарынан құрылтайшы немесе құрылтайшылар құрамы туралы мәліметтер қамтылған үзінді-көшірменің нотариат куәландырған көшірмесін (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер болмаса) не тендерлік өтінімдерді ашу күннің алдындағы бір айдан ерте емес берілген акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді-көшірменің түпнұсқасы;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін (жеке тұлғалар үшін);

5) заңды тұлғалар (консорциумға қатысушылар) арасында жасасқан бірлескен шарушылық қызмет туарлы шарттың нотариат куәландырған көшірмесін.

Бұл талап жүргізілген электрондық сатып алу қорытындысы бойынша тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізушілерге қолданылмайды.

Тендер жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізушілер Қағидалардың осы тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған не тендерлік өтінімдер құрамында ұсынылған құжаттардың көшірмелеріне сәйкес келмеуі анықталған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы Қағидалардың [176](#) және [188-тармақтарында](#) көзделген іс-әрекеттерді орындайды.

108. Тендерлік комиссия:

1) тендерлік өтінімдер болмаған;

2) 2 (екіден) аз тендерлік өтінім берілген;

3) тендерге қатысуға 1 (бір) әлеуетті жеткізуші жіберілген;

4) тендерге қатысуға бірде-бір әлеуетті жеткізуші жіберілмеген;

5) егер Қағидалардың [102-тармағы 1\) және 2\) тармақшаларының](#) негізінде тендерлік баға ұсыныстарын қабылдаудан бас тартылғаннан кейін 1 (бір) тендерлік баға ұсынысы бағалануы тиіс болған мынадай жағдайларда тендер өткізілмеген деп таниды.

109. Тендерлік өтінімдер болмаған жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы өтпеген тендер (лот) бойынша сатып алудың қорытындысы туралы хаттама жасайды.

110. Егер тендер өтпеді деп танылса не тендер жеңімпазы немесе ұсынысына тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса тапсырыс беруші:

1) тендер тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;

2) тендердің талаптарын өзгерту және тендерді қайта өткізу туралы;

3) шартты тікелей жасау тәсілімен сатып алуды өткізу туралы шешімдердің біреуін қабылдайды.

9-параграф. Тендерлік өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 111-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

111. Әлеуетті жеткізушінің құрылысқа арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге арналған) және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы [заңнамасына](#) сәйкес сараптамадан өткен жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген бағадан 10 (он) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 112-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

112. Әлеуетті жеткізушінің үйлер мен ғимараттарды ағымдағы жөндеу бойынша жұмысқа арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол тендерге бөлінген бағадан 20 (жиырма) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 113-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

113. Әлеуетті жеткізушінің техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын және қала құрылысының жобаларын әзірлеу бойынша жұмысқа арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол тендерге бөлінген бағадан 15 (он бес) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 114-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

114. Әлеуетті жеткізушінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызмет көрсетуге арналған тендерлік баға ұсынысы, егер ол бекітілген мемлекеттік нормативтерге сәйкес есептелген бағадан 15 (он бес) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып танылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.21.12. № 148 Қаулысымен 114-1-тармақпен толықтырылды

114-1. Тиынмен есептелген демпингтік баға дөңгелектенеді. Бұл ретте 50 (елу) тиыннан аз сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал 50 (елу) тиынға тең және одан жоғары сома 1 (бір) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

115. Тендерлік комиссия әлеуетті жеткізушілердің демпингтік бағаларды ұсынуын фактісін белгілеген жағдайда сатып алудың қорытындысы туралы хаттамада демпингтік бағаларды ұсынған әлеуетті жеткізушілер және оларды есептеу тәртібі туралы ақпарат көрсетіледі.

10-параграф. Сатып алуды бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер тәсілімен жүргізу тәртібі

116. Тапсырыс беруші тауарды сатып алу кезінде бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендерді өткізу қажеттілігін өз бетінше белгілейді.

117. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер тәсілімен сатып алу тауарларға жүргізіледі және Астана қаласының уақытымен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады.

118. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер тәсілімен сатып алу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезең - Қағидалардың осы тарауының [1](#), [2](#), [3](#), [4](#), [5](#), [6](#) және [7-параграфтарында](#) көзделген тендер рәсімдерін өткізу;

2) екінші кезең - тендерге қатысушылар арасында сауда-саттық өткізу және тендерге қатысуға рұқсат беру хаттамасында белгіленген уақытта (оны тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет ресурсында немесе электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында жариялаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні өткен бойда) олардың ішінен жеңімпазды анықтау.

119. Сауда-саттық тендерлік комиссияның барлық мүшесінің, тендерге қатысушылардың қатысуымен тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні және уақытта әрбір лотқа жеке өткізіледі.

120. Сауда-саттық сауда-саттық (лот) мәніне қатысты бастапқы бағадан бастай отырып баға туралы ағымдағы ұсынысты бір қадамға төмендету арқылы басталады.

Өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарларды сатып алу үшін тиісті қаржы жылына арналған сатып алу жоспарында көзделген сома бастапқы баға болып табылады.

Тендерлік комиссия тендерге қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы жасау кезінде сауда-саттықтың бастапқы бағасынан 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыздан бастап 5 (бес) пайыз аралығындағы шекте қадамды белгілейді.

121. Тендерге қатысушы ұсынатын баға ұсыныстарының саны шектелмеген, тендерге қатысушы өзінің тендерлік баға ұсынысын азаю жағына қарай бірнеше рет өзгерте алады.

122. Сауда-саттықты өткізу кезінде тендерге қатысушыларға сауда-саттықтың қадамына қарамастан өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарға бастапқы бағадан төмендетілген бағаны ұсынуға жол беріледі.

123. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерге қатысушыға әлеуетті жеткізушінің және лоттың атауы, оның нөмірі және бастапқы бағасы көрсетілген билет береді. Билетті әрбір жоғарыға көтеру сауда-саттықты өткізу үшін жарияланған бағаның төмендеуіне арналған қадамға тең болады.

Тендерге қатысушы билетті көтерген кезде лоттың бағасы үш рет қайталанады және баға жарияланған кезде билетті бірінші болып көтерген тендерге қатысушының билеті аталады және басқа көтерілген билеттер болмаса, балғамен үстелді ұра отырып осы лот бойынша тендердің жеңімпазы жарияланады.

Егер билетті қайталау кезеңінде тендердің басқа қатысушысы билетті көтерсе, онда осы лот бойынша сауда-саттық жеңімпаз анықталған сәтке дейін жалғасады.

124. Электрондық сатып алуды өткізу кезінде тендерге қатысушылар әлеуетті жеткізушінің басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған өткізілетін тендердің (лоттың) мәні болып табылатын тауардың бағасы туралы ұсынысты сатып алу порталы арқылы ұсынады.

Тендерге қатысушылардың тауар бағасы туралы ұсыныстарын қабылдау уақыты тендердің өтуі басталған кезден бастап 30 (отыз) минутты, сондай-ақ тауардың бағасы туралы соңғы ұсыныс түскеннен кейін 10 (он) минутты құрайды.

Егер көрсетілген уақыт ішінде тауардың одан да төмен бағасы туралы 1 (бір) де бір ұсыныс түспесе, тендер аяқталады.

125. Сатып алу порталы барлық тендерге қатысушыға тендерге қатысушылар туралы мәліметтерді көрсетпестен, тендерге қатысушылардың саны туралы ақпарат алуға рұқсат береді.

126. Ең төменгі баға ұсынған тендерге қатысушы жеңімпаз болып танылады.

127. Егер тендерге қатысушы тендердің басқа қатысушысы ұсынған бағаға тең баға ұсынса, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен баға туралы ұсыныс жеңді деп танылады.

128. Егер сауда-саттықты өткізу басталғаннан кейін 10 (он) минут ішінде (электрондық сатып алуды өткізген кезде - 30 (отыз) минут ішінде) тендерге қатысушылардың бір де біреуі лот бойынша тендерлік баға ұсынысын бермесе, онда лот сауда-саттықтан алынады және осы тендерге (лотқа) қатысты сауда-саттық өтпеді деп танылады. Бұл жағдайда сатып

алуды ұйымдастырушы тендердің барлық қатысушысына тендерлік өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды.

129. Сауда-саттықтың нәтижесі Қағидалардың [106-тармағында](#) көзделген ақпаратты көрсете отырып, тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында не электрондық сатып алу кезінде сатып алу порталында жарияланатын бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендердің қорытындысы туралы хаттамада көрсетіледі.

130. Тендерлік комиссия Қағидалардың [108-тармағында](#) көзделген жағдайларда бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендерді өтпеді деп таниды.

131. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын тендер өтпеді деп танылған жағдайда тапсырыс беруші Қағидалардың [110-тармағында](#) көзделген шешімдердің бірін қабылдайды.

132. Тендерлік комиссияның тендерге қатысушылармен сауда-саттықты өткізуге байланысты келіссөздер бойынша сұрату жіберуіне және басқалай әрекет етуіне жол берілмейді.

133. Сауда-саттықты өткізу тәртібін бұзған және сауда-саттықтың өтуіне ықпал ететін тендерге қатысушылар мен қатысқан адамдар сауда-саттық өткізілетін залдан (орнынан) шығарылады.

5-тарау. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 134-тармақ жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

134. Егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны бойынша жылдық көлемі 15 000 000 (он бес миллион) теңгеден аспаса (қоса алғанда), осындай тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жүргізіледі.

135. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық көлемін біреуінің мөлшері Қағидалардың [134-тармағында](#) көзделген мөлшерден кем бөліктерге бөлуге рұқсат етілмейді.

136. Біртекті емес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері бойынша лоттарға бөледі.

137. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазын айқындау әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

138. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды және хабарландыруда көрсетілген басқа қажетті ақпаратты жариялайды.

139. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер:

- 1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы және пошталық мекенжайы;
- 2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы;
- 3) сатып алу жоспарына сәйкес сатып алу үшін бөлінген сома;
- 4) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету саны (көлемі), орны және мерзімі;
- 5) техникалық ерекше нұсқамасы (бар болса);

6) әлеуетті жеткізушінің баға ұсыныстарын табыс ету орны және соңғы мерзімі, сондай-ақ оларды ашу күні, уақыты мен орны;

7) маңызды талаптарын көрсете отырып сатып алу туралы шарттың жобасы (мәміле Қағидалардың [172-тармағына](#) сәйкес ауызша нысанда жасалған жағдайда көрсетілмейді);

8) басқа ақпарат (қажет болғанда) қамтылады.

140. Бұрын жарияланған хабарландыруға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізген жағдайда, баға ұсыныстарын табыс ететін соңғы күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында хабарландыруға енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жариялайды және баға ұсыныстарын табыс ету мерзімін кемінде 5 (бес) жұмыс күніне ұзартады.

141. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын табыс етуі өткізілетін сатып алуды талаптарында және сатып алу туралы шарттың жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

142. Қағидалардың [140-тармағында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғаннан кейін әлеуетті жеткізуші табыс еткен баға ұсынысына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге рұқсат етілмейді.

143. Әрбір әлеуетті жеткізуші хабарландыруда көзделген мәліметтерді (құжаттарды) қоса бере отырып, 1 (бір) ғана баға ұсынысын табыс етеді.

144. Әлеуетті жеткізуші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын табыс етудің аяқталатын уақытқа және күнге дейін баға ұсынысын ұсынады.

145. Әлеуетті жеткізуші баға ұсынысын конвертте ұсынған жағдайда, әлеуетті жеткізуші жабық конверттің сырт жағында мыналарды:

1) әлеуетті жеткізушінің атауын және пошталық мекенжайын;

2) сатып алуды ұйымдастырушының атауын және пошталық мекенжайын;

3) қатысу үшін әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы берілетін лоттың атауын көрсетеді.

146. Әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер баға ұсыныстарын табыс етуіне қарай оларды тиісті тіркеу журналына енгізілуі тиіс.

147. Қағидалардың [145-тармағының](#) талаптарына сәйкес келмейтін баға ұсынысы бар, сондай-ақ конверттерді ұсыну мерзімі аяқталған уақыттан кейін берілген конверт тіркелмейді және оны ұсынған тұлғаға қайтарылады.

148. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды өткізген кезде әлеуетті жеткізуші хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін әлеуетті жеткізуші басшысының не ол өкілеттік берген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, сатып алу порталында автоматты түрде тіркелетін 1 (бір) баға ұсынысын табыс етеді.

Сатып алу порталы баға ұсынысын табыс еткен әлеуетті жеткізушіге хабарландыруды автоматты түрде жібергеннен кейін баға ұсынысы қабылданған болып саналады.

149. Сатып алуды ұйымдастырушы хабарландыруда көрсетілген күні, уақытында және орнында баға ұсынысын ашады және ең төменгі баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізушіні айқындайды.

150. Ең төмен баға ұсынысын ұсынған әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады. Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуші ұсынған болса, баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан бұрынырақ келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

151. Егер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы басқа валютада көрсетілсе, баға ұсыныстарын салыстыру мақсатында баға ұсыныстарын бір валютаға келтіру үшін баға ұсыныстарын ашу күніндегі Ұлттық Банктің ресми бағамы қолданылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2022.22.06. № 55 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 152-тармақ жаңа редакцияда

152. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы, егер:

- 1) ол сатып алу үшін бөлінген сомадан артық болса;
- 2) әлеуетті жеткізуші 1 (бір) баға ұсынысын артық табыс етсе;
- 3) Қағидалардың [166-тармағында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің ұсынысы техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес келмесе;
- 4) әлеуетті жеткізуші техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну туралы талап болған кезде оны ұсынбаса;

- 5) әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жобасының маңызды талаптарымен келіспесе;

- 6) әлеуетті жеткізуші немесе оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрса;

- 7) сатып алуды жүргізу туралы жариялау күнінің алдындағы 2 (екі) жыл ішінде әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қосалқы мердігерінің (бірлескен орындаушысының) өзі мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамау немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтару фактісі болса;

- 8) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген болса қабылданбайды.

153. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары әлеуетті жеткізушінің баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге адам бекітетін хаттама түрінде ресімделеді.

154. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туарлы хаттамада:

- 1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы, оның пошталық мекенжайы;

- 2) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы;

- 3) баға ұсыныстарын табыс етудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін баға ұсыныстарын берген әлеуетті жеткізушілердің атауы, олар тауарға, жұмысқа, қызметке мәлімдеген бағалар;

- 4) қайтару себептері көрсетіле отырып, баға ұсыныстары қайтарылған әлеуетті жеткізушілердің атауы;

- 5) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазы туралы;

- 6) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілген жағдайда, сатып алу туралы шартты жасау сомасы мен мерзімі туралы мәліметтер қамтылады.

155. Сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туарлы хаттаманы бекіткен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қорытындылар туралы ақпаратты тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды өткізу кезінде сатып алу порталында жариялайды.

156. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу:

- 1) баға ұсыныстары болмаған;

- 2) 2 (екіден) кем баға ұсынысы берілген, оның ішінде егер Қағидалардың [152-тармағында](#) көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін 2 (екеуден) кем баға ұсынысы қалған жағдайларда өткізілмеді деп танылады.

157. Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеген деп танылса немесе әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шартты жасаудан жалтарса, тапсырыс беруші аталған

тәсілмен, оның ішінде сатып алу талаптарын өзгерте отырып, сатып алуды қайтадан өткізеді не шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды өткізеді.

6-тарау. Шартты тікелей жасасу

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#); 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен \(бұр.ред.қара\)](#) 158-тармақ өзгертілді

158. Шартты тікелей жасасу тәсілі:

- 1) авторлық қадағалау қызметтерін;
- 2) кірме жолдарды пайдалану қызметтерін, жүкті және өнімді жөнелтілген орнына дейін жеткізу қызметтерін;
- 3) мемлекеттік кәсіпорындардан, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
- 4) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеген деп танылса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
- 5) егер тендер тәсілімен сатып алу өтпеген деп танылса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
- 6) ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2021.19.04. № 43 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))
- 7) тапсырыс беруші жасасқан шарттардың шегінде белгіленген міндеттемелерді орындау үшін қажетті тапсырыс берушінің жарғылық қызметінің мәні болып табылатын өнімді дайындау және жеткізу үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
- 8) тапсырыс беруші қызметін (жұмыс істеп тұруын) жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды, құрылыстарды жалдау қызметтерін;
- 9) сатып алуды өткізу мерзімі ішінде, бірақ 3 (үш) айдан аспайтын кезең ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемінен аспайтын, тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде Қағидаларға [11-қосымшаға](#) сәйкес Тапсырыс беруші үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін сатып алатын күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілік тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесінде (бұдан әрі - күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктер тізбесі) көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
- 10) құны бойынша жылдық көлемі 5 000 000 (бес миллион) теңгеден аспайтын (қоса алғанда) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
- 11) ерекше маңызды мемлекеттік объектілердің және (немесе) тапсырыс берушінің мектепке дейінгі ұйымының асханалары үшін тамақ өнімдерін;
- 12) Қағидаларға [12-қосымшаға](#) сәйкес Тауарларды өндіретін және (немесе) жеткізетін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Мемлекеттік сатып алу туралы заңның [51-бабы 3-тармағы](#) бірінші бөлігіне сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесінде көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;
- 13) кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі үй-жайды (жалдау қызметін қоса алғанда);
- 14) халықаралық рейтингтік агенттіктердің қызметтерін, сондай-ақ тапсырыс берушінің негізгі қызметі бойынша интернет-ресурстарда орналастырылған ақпаратты ұсыну және ақпаратты отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру бойынша қызметтерді;
- 15) егер қандай да бір жеткізушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіде бірегейлендіру, толық жинақтау, стандарттау немесе қолда

бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиялармен, жұмыстармен немесе қызметтермен сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында осы жеткізушіден басқа сатып алуды жүргізу қажеттілігі туындаса тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

16) телефон, ұялы және арнайы байланыс қызметтерін;

17) қағаз және (немесе) электронды тасымалдағышта басылған мерзімді басылымдарды сатып алу кезінде қолданылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 159-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

159. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге жазбаша шақыру жібереді, онда мына мәліметтер:

1) сатып алуды ұйымдастырушының атауы және орналасқан жері;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атаулары және тапсырыс беруші бекіткен техникалық ерекше нұсқамасы;

3) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сома туралы мәліметтер;

4) маңызды талаптарын, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мерзімін, санын (көлемін) көрсете отырып, сатып алу туралы шарттың жобасы;

5) Қағидалардың [158-тармағының 5\) тармақшасында](#) көзделген жағдайда әлеуетті жеткізушінің, оның қосалқы мердігерлерінің (бірлескен орындаушыларының) (олар тартылған кезде) Қағидалардың [50-тармағының 2\) және 9\) тармақшаларында](#) көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерінің тізбесі;

6) Қағидалардың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), электрондық құжат нысанындағы, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттар (хабарламалар) (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, жеткізуші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін жібереді) беру туралы талап қамтылады;

Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті жеткізушіге шақыру жіберуі сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 159-1-тармақпен толықтырылды; ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 159-1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

159-1. Шақыру жіберу күнінің алдындағы 2 (екі) жыл ішінде өзі мен тапсырыс беруші арасында бұрын жасалған сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тапсырыс берушімен шарт жасасудан жалтарған факті болған әлеуетті жеткізушіге шақыру жіберілмейді.

160. Қағидалардың [158-тармағының 4\) және 5\) тармақшаларына](#) сәйкес айқындалған әлеуетті жеткізушіге жіберілетін ақпарат тендердің талаптарында немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу талаптарына сәйкес келеді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 161-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

161. Қағидалардың [158-тармағының 13\) тармақшасында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызметті көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші шақыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға мынадай құжаттарды қоса бере отырып, сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін жібереді:

1) әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, жазбаша келісімге қол қойған тұлғаға сатып алуға қатысуға берілген сенімхат;

2) әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы және техникалық ерекше нұсқамасы;

3) сатып алу туралы шарттың талаптарымен жазбаша келісу;

4) ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің баға ұсынысы;

5) Қағидалардың [158-тармағының 5\) тармақшасында](#) көзделген жағдайда, әлеуетті жеткізушінің (қосалқы мердігерлердің (бірлескен орындаушылардың) олар тартылған кезде) Қағидалардың 50-тармағының 2) және 9) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;

6) Қағидалардың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), электрондық құжат нысанындағы, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын рұқсаттар (хабарламалар) (мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті жеткізуші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін жібереді).

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 162-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

162. Шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауар жеткізуді, қызмет көрсетуді жүзеге асыруға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші Қағидалардың [158-тармағының 13\) тармақшасына](#) сәйкес сатып алуды жүзеге асыру кезінде шақыру алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға мынадай құжаттарды қоса бере отырып, сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін жібереді:

1) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттардың нотариат куәландырған көшірмесі және техникалық паспорттың көшірмесі;

3) шақырту алған күннен ерте берілмеген, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтама;

4) тұрғын үйдің ағымдағы жай-күйінің фототүсірілімін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізілген жылжымайтын мүлік объектісін (баспананы) бағалау туралы есептің нотариат куәландырған көшірмесі;

5) әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы;

6) неке қатынастарының бар екенін растайтын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, жұбайының (зайыбының) нотариат куәландырған келісімін не неке қатынастарында тұрғаны туралы фактінің жоқ екені туралы мәліметтер көрсетілген өтінішті немесе некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің немесе жесір екенін растайтын куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 162-1-тармақпен толықтырылды

162-1. Шартты тікелей жасасу тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға Қағидалардың [161](#) және [162-тармақтарында](#) көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, әлеуетті жеткізуші басшысының немесе ол уәкілеттік берген өзге адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған сатып алуға қатысу туралы растаманы жібереді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 163-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

163. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды жүргізу кезінде сатып алуды ұйымдастырушы тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген өзге адам бекітетін сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы ресімдейді.

Электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу қорытындысы туралы хаттама сатып алу порталында орналастырылады.

164. Сатып алу қорытындысы туралы хаттамада мынадай ақпарат:

- 1) шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алуды қолданудың негіздемесі;
- 2) сатып алу жоспарына сәйкес сатып алу үшін бөлінген сома;
- 3) шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;
- 4) сатып алу туралы шарт жасалатын жеткізушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы қамтылады.

165. Қағидалардың [158-тармағының 4\) және 5\) тармақшаларында](#) көзделген негіздер бойынша шартты тікелей жасасу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы мына іс-шаралардың бірін жүзеге асырады:

1) Қағидалардың [108-тармағының 1\), 4\) тармақшаларында](#) және Қағидалардың [156-тармағының 1\) тармақшасында](#) көзделген жағдайларда тапсырыс беруші шақыру жіберілетін әлеуетті жеткізушіні айқындайды;

2) Қағидалардың [108-тармағының 2\), 3\) және 5\) тармақшаларында](#) және Қағидалардың [156-тармағының 2\) тармақшасында](#) көзделген жағдайларда тендерге қатысуға өтінімін, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүргізу шегінде баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізушіге шақыру жібереді. Онымен жасалған сатып алу туралы шарттың бағасы бағаны төмендету үшін сауда-саттық қолданылатын тендерді қоспағанда, баға ұсынысында көрсетілген, оның ішінде тендерлік бағасынан аспайды.

166. Әлеуетті жеткізушіге ұсынылып отырған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетелген қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын анағұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипатарымен, сондай-ақ тиімді технологиялық шешімдерімен және (немесе) жұмысты орындау кезінде өте жақсы материалдарды қолдана отырып ұсынуына рұқсат беріледі, әлеуетті жеткізушінің осындай техникалық ерекше нұсқамасының тапсырыс беруші үшін қолайлы болуы міндетті.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 167-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 Қаулысымен 167-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

167. Шартты тікелей жасасу тәсілімен сатып алу мына жағдайларда, егер:

1) әлеуетті жеткізуші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып түскен;

2) Қағидалардың [166-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынған;

3) әлеуетті жеткізуші Қағидалардың [161](#) немесе [162-тармақтарында](#) көзделген құжаттарды табыс етпеген;

4) әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде сатып алуға қатысуға жазбаша келісімін (сатып алуға қатысу туралы растауын) жібермеген не шартты тікелей жасасу тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысудан бас тартқан;

5) әлеуетті жеткізуші мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізілімінде тұрған;

6) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген жағдайларда, өтпеді деп танылады.

168. Сатып алу өтпеді деп танылған немесе әлеуетті жеткізуші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы Қағидаларда көзделген тәсілдердің бірімен қайтадан сатып алуды жүзеге асырады.

169. Қағидалардың [158-тармағының 12\) тармақшасында](#) көзделген сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) басқа әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алуды қайта жүргізу туралы шешім қабылдайды.

7-тарау. Сатып алу туралы шарт жасау

170. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған мәмілелер жазбаша не ауызша нысанда жасалады.

171. Мәміле (шарт) шарт жазбаша нысанда:

- 1) қағаз тасымалдағышта;
- 2) электрондық нысанда жасалады.

Мәміленің жазбаша нысанына:

- 1) тараптардың мәміле жасауға еркі;
- 2) жеткізушінің тапсырыс беруші ұсынған талаптармен келісуі кіретін хаттармен, факспен, электрондық құжаттармен алмасу теңеседі.

172. Ауызша нысанда республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға, сондай-ақ жасау кезінде орындалатын, мәмілелерді жасау фактісін (чек, инвойс, қабылдау-өткізу актісі, төлем жасауға шот, шот-фактура, жүк құжаттамасы, билет немесе әдетте қабылданған растайтын өзге белгі) растайтын құжаттар болған кездегі мәмілелер жасалуы мүмкін.

173. Сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, ал «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының [36-бабында](#) көзделген жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші тапсырыс беруші қол қойған және тапсырыс берушінің жауапты бөлімшесінің қызметкері әр бетіне қол қойған сатып алу туралы шарттың жобасына қол қояды және жеңімпазға жібереді (ұсынады).

Жеткізушіге сатып алу туралы шарттың жобасын алуға және оған қол қоюға рұқсат етіледі.

Сатып алу туралы шартты электрондық түрде жасасқан кезде сатып алу туралы шарт тапсырыс берушінің және жеткізушінің электрондық цифрлық қолтаңбалары арқылы куәландырылады.

174. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тендер және сатып алу қорытындылары бойынша жеңімпазбен сатып алу туралы шарт оның тендерге қатысуға берілген өтінімінде және баға ұсынысында көзделген талаптармен жасалады.

175. Сатып алу туралы шарттың жобасына жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізуші қол қояды және тапсырыс беруші қол қойылған сатып алу туралы шарттың жобасын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге беріледі.

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалған сатып алу туралы шартқа олар 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде қол қояды.

176. Жеткізуші:

- 1) Қағидалардың [107-тармағында](#) көзделген талаптарды сақтамаған;
- 2) сатып алу туралы шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаған;
- 3) сатып алу туралы шартты жасаудан жазбаша бас тарту берген;
- 4) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, ол сатып алу туралы шартты жасаудан жалтарған деп танылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 Қаулысымен 176-1-тармақпен толықтырылды

176-1. Тапсырыс беруші сатып алу порталының операторына дерекқорға орналастыру үшін әлеуетті жеткізушінің шарт жасасудан жалтарған деп танылған күнін көрсете отырып, тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен өткізілген сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізуші туралы ақпаратты жібереді.

177. Тендер жеңімпазы сатып алу туралы шартты жасаудан жалтарған деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші ұсынысына тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген тендер қатысушысына оны тендер жеңімпазы деп тану туралы хабарлама мен сатып алу туралы шарттың жобасын жібереді.

178. Тендер жеңімпазынан кейін ұсынысына тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген тендер қатысушысы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қағидалардың [107-тармағында](#) көзделген құжаттарды ұсынады және хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу туралы шартқа қол қояды не тапсырыс берушіге орын алған келіспеушіліктер туралы немесе сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

179. Тендер жеңімпазынан кейін ұсынысына тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым басымдылық берілген, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан Қазақстан Республикасының бейрезиденті - тендерге қатысушысы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қағидалардың [107-тармағында](#) көзделген құжаттарды ұсынады және тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде сатып алу туралы шартқа қол қояды не тапсырыс берушіге орын алған келіспеушіліктер туралы немесе сатып алу туралы шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

180. Міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарымен не жеткізушілермен шарт жасасқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттардың үлгі нысандары оларда ұсынылған нысанда, Қазақстан Республикасының [Азаматтық кодексінде](#) және Қағидаларда көзделген талаптарды ескере отырып шартты ресімдеуге жол беріледі.

181. Жеткізуші сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің банктік шотына енгізілетін, кепілді ақша жарнасы не Қағидаларға [13-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша банктік кепілдік түрінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Жеткізушінің күшіне енген сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі аяқталғанға дейін толық және тиісті түрде орындауы ерекшелік болып табылады.

182. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді жеткізуші онымен жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындауына кепілдік ретінде енгізеді.

183. Жеткізушінің сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелері толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуде тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына және (немесе) жеткізуші енгізген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Қағидаларда көзделмеген мақсатта пайдалануға рұқсат етілмейді.

184. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сатып алуды ұйымдастырушы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыз мөлшерінде белгілейді, ал сатып алу туралы шартта алдын ала төлем (аванс) көзделген жағдайда, алдын ала төлем мөлшерінде белгілейді.

Жеткізушінің сатып алу туралы шартта көзделген алдын ала төлемді (авансты) алудан бас тартуына жол беріледі. Алдын ала төлемнен (аванстан) ерікті түрде бас тартқан жағдайда, жеткізуші сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің тиынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. 50 (елу) тиыннан аз сома нөлге дейін, ал 50 (елу) тиынға тең және одан көп сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2021.19.04. № 43 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 185-тармақ өзгертілді

185. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талап:

1) сатып алу туралы шартта алдын ала төлем (аванс) төлеу көзделетін жағдайды қоспағанда, сомасы 15 000 000 (он бес миллион) теңгеден аспайтын;

2) республикалық немесе жергілікті бюджет қаражатынан қаржыланатын ұйымдармен;

3) халықаралық рейтингтік агенттіктердің қызметтерін, мерзімді баспасөз басылымдарын, тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жөнелту, жұмыс берушінің және автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызметтерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді (бағдарламалық өнімдерді, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін) техникалық қолдауды;

4) тапсырыс берушінің жарғылық қызметінің шеңберінде өнімді дайындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасу жағдайларына қолданылмайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 186-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

186. Тапсырыс беруші жеткізуші өз шарттық міндеттемелерін (тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету және (немесе) өсімпұлды төлеу) толығымен орындағаннан кейін шартта көрсетілген мерзімде сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 187-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

187. Жеткізушінің өз шарттық міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы үшін, сондай-ақ өсімпұлды төлемеуі салдарынан шарт бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

188. Жеңімпаз ретінде айқындалған әлеуетті жеткізушіні сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарған деп таныған жағдайда, тапсырыс беруші ол енгізген тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

189. Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс берушінің шешімі бойынша, ол күн сайынғы немесе апта сайынғы қажеттілік үшін сатып алынатын сатып алу туралы шарттың қолданысын осындай тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір тоқсанда пайдаланылған көлемінен аспайтын көлемде, күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілік тізбесіне сәйкес келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартуға құқылы.

190. Қағидалардың [191-тармағында](#) көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу туралы шарттың жобасына және сатып алу туралы шартқа өзгерістер тапсырыс беруші мен сатып алу жеңімпазы (жеткізуші) арасындағы келісім бойынша енгізіледі. Сатып алу туралы шартқа өзгерістер шарттың өзінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қосымша келісіммен ресімделеді.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2021.19.04. № 43 Қаулысымен 191-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

191. Сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған сатып алу туралы шартқа:

1) сатып алу туралы шарт сомасының сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлеміне қажеттіліктің ұлғаюына байланысты емес ұлғаюы;

2) Қағидалардың [166-тармағында](#) көзделген жағдайды қоспағанда, жүргізілетін (жүргізілген) сатып алудың талаптары мазмұнының және тендер тәсілімен немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жеткізушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстың өзгеруі;

3) табиғи монополиялар салаларында және реттеу нарықтарында басшылықты жүзеге асыратын орган белгілеген баға шегінде бағаны мемлекеттік реттеу белгіленген жағдайды

қоспағанда, бір тауар, көрсетілетін қызмет бағасының өзгеруі бөлігінде өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

192. Сатып алу туралы шартта:

1) тапсырыс берушінің Қағидалардың [14-тармағына](#) сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) тендер, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізілген кезде Қағидаларының және (немесе) сатып алу талаптарының сатып алу қорытындысына ықпал ететін бұзушылықтар анықталған;

4) тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға қатысқан әлеуетті жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) сатып алу туралы шартта көзделген өзге жағдайларда оны кез келген кезеңінде бұзу туралы талап қамтылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен](#) 192-1-тармақпен толықтырылды

192-1. Тапсырыс беруші сатып алу порталының операторына дерекқорға орналастыру үшін шартты бұзу күнін көрсете отырып, өзі мен тапсырыс беруші арасында жасалған сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған жеткізуші туралы ақпаратты жібереді.

193. Сатып алу туралы шарт бойынша ақы төлеу мерзімі тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жөніндегі міндеттемелер толық көлемде орындалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей көзделеді.

194. Үйлер мен ғимараттарды салу және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды сатып алу шартында жеткізуші шарттың жалпы сомасынан 30 (отыз) пайыздан кем емес мөлшерде аванс төлеу туралы талапты көздеуге жол беріледі.

195. Тауарды жеткізу үшін ең аз мерзімді тапсырыс беруші сатып алу туралы шартта кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн болатын мерзіммен белгілейді.

196. Сатып алу туралы шарты орындау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және сатып алу туралы шартта көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

197. Тапсырыс беруші және жеткізуші сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді, оның ішінде кепілдік берілгендерін толық орындаған жағдайда, сатып алу туралы шарт орындалды деп саналады.

8-тарау. Қорытынды ережелер

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)); 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) ([бұр.ред.қара](#)) 198-тармақ жаңа редакцияда

198. Тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның, сараптамалық комиссияның (сарапшының), сатып алу порталы операторының іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасалады.

199. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

200. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

201. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

202. Шағымды қарау нәтижесі бойынша Қағидаларға сәйкес келмейді деп танылған сатып алудың тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) бірінші басшысының немесе олар уәкілеттік берген өзге тұлғаның шешімімен күші жойылады.

Сатып алуды ұйымдастырушы сатып алудың күшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

1) бұл туралы өткізілген сатып алуға қатысқан тұлғаларға хабарлайды;

2) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында немесе сатып алу порталында (электрондық сатып алуды өткізген кезде) тиісті хабарландыру жариялайды;

3) енгізілген тендерлік өтінімдерді және (немесе) сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 203-тармақпен толықтырылды

203. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен өзге жауапкершілік көзделмесе, тапсырыс берушінің және (немесе) сатып алуды ұйымдастырушының, сатып алу порталы операторының Қағидаларды бұзуға жол берген қызметкерлері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) 1-қосымша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) 1-қосымша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді иелену жағдайларының тізбесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер мынадай жағдайларда иеленеді:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіні көшіруді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарын, өкілдіктерін немесе ведомстволарын құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің объектілерін (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ғимараттары, үй-жайлары, кассалық орталықтар, сақтау орындары, өндірістік объектілер), оның ішінде ерекше маңызды мемлекеттік объектілерге және террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызылған объектілерді сатып алу, құру (салу),

жөндеу (қайта салу), олардың үздіксіз және үзіліссіз жұмыс істеуін және жарактандырылуын қамтамасыз ету үшін.

Осы тармақшада көзделген жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні айқындау кезінде осы Қағидалардың демпингтік бағаны айқындау тәртібін реттейтін нормалары қолданылады;

3-1) 1 000 000 000 (бір миллиард) теңгеден асатын сомаға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақпараттандыру объектілерін құру, енгізу, дамыту үшін;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін тоқтаусыз және үздіксіз жүзеге асыруды қолдауға және қамтамасыз етуге бағытталған жедел міндеттері мен бағдарламаларын орындау үшін;

5) тауарларды айырбас шарттары негізінде иелену;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілеттік мандаты шегінде экономикалық қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері мен тапсырмаларын орындау үшін;

7) халықаралық ұйымдармен, шетелдік мемлекеттердің орталық банктерімен, бақылау және қадағалау органдарымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық шеңберінде іс-шаралар мен міндеттерді іске асыру үшін;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің функциялары мен өкілеттіктері шеңберінде шұғыл шешуді талап ететін өзге де міндеттерді іске асыру үшін.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 Қаулысымен 1-1-қосымшамен толықтырылды

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#) 1-1-қосымша

Нысан

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары

Тапсырыс берушінің атауы	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қазақ тіліндегі атауы	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің орыс тіліндегі атауы	Сатып алу тәсілі	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы:

Біреуінің қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС)	Сатып алу үшін ҚҚС-сыз бекітілген жалпы	ҚҚС-сыз үш жылдық кезеңнің бірінші жылына	ҚҚС-сыз үш жылдық кезеңнің екінші жылына	ҚҚС-сыз үш жылдық кезеңнің үшінші жылына	Сатып алуды жүзеге асырудың жоспарланып отырған
--	---	---	--	--	---

есептемегендегі бағасы (теңге)	сомасы (теңге)	бекітілген сома (теңге)	болжамды сома (теңге)	болжамды сома (теңге)	мерзімі (тоқсан)
7	8	9	10	11	12

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен](#) 2-қосымша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#) 2-қосымша

Бекітілді

(тапсырыс берушінің шешімі, қабылданған күні мен нөмірі көрсетіледі)

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы
(әрбір лотқа жеке беріледі)

Сатып алудың атауы _____

Лоттың № _____ лоттың атауы _____

Техникалық ерекше нұсқамада қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаты және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары беріледі. Сондай-ақ жеткізілетін тауарлар (орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сәйкес болуы тиіс ұлттық стандарт, мемлекетаралық немесе халықаралық стандарттар (олар бар болса), кепілдік мерзімі көрсетіледі.

Тауарларға берілетін техникалық ерекше нұсқамада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын сипаттау функционалдық шектерді, техникалық сипаттама өлшемдерін, тауардың нысанасын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінеді.

Техникалық ерекше нұсқамада тауарларды жеткізу кезінде қажетті ілеспе жұмыстар, көрсетілетін қызметтер (құрастыруды, ретке келтіруді, оқытуды, тауарларды тексеруді және сынақтан өткізуді қоспағанда) және оларды көрсету орны, тауардың шыққан жылы, кепілдік мерзімі көрсетілуі тиіс.

Көрсетілетін қызметтерге берілетін техникалық ерекше нұсқамада техникалық және сапалық сипаттамаларын сипаттау тиісті бөлімдерге бөлінеді, олар техникалық сипаттама өлшемдерін және қызмет көрсетуді тағайындауды қамтиды. Көрсету сапасы осындай жұмыстарды, қызметті көрсететін қызметкердің біліктілігіне байланысты болатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметті сатып алған жағдайда техникалық ерекше нұсқамада

қызметкердің оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті кәсіби дайындық деңгейін және профилін, жұмыс стажын айқындайтын оған қойылатын талаптардың сипаты беріледі.

Жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асырған кезде техникалық ерекше нұсқаманың орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттама қоса беріледі. Бұл ретте Ұлттық Банкте қорғалуы тиіс мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жекелеген сызбалар (схемалар) сатып алу туралы шартқа және құпия ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қойылғаннан кейін жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізушіге беріледі.

Жұмыстарға арналған техникалық ерекше нұсқамада құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа да ерекше табиғи жағдайлардың қысқаша сипаты, инфрақұрылым мен коммуникацияның болуы, жергілікті ресурстардың сипаты, стандарттар мен техникалық нормативтер жүйесі, сондай-ақ объектіні пайдалануға беру кезінде қайшылықтарды болдырмайтын объектінің толық құрамы, аумақты инженерлік дайындау, өндіріс технологиясы мен жабдық, инженерлік қамтамасыз ету, пайдаланылатын материалдар мен конструкциялар, объектіні жарақтандыру және басқалары жөніндегі талаптар көрсетілуі тиіс. Тиісті нормативтік-техникалық құжаттамаға жасалатын сілтемені көрсетуге рұқсат беріледі.

Әлеуетті жеткізуші белгіленген талаптарға сай келетін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынады.

Тапсырыс беруші
бөлімшесінің басшысы

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің, оның ведомстволарының,
оның құрылымына кіретін
ұйымдардың және дауыс беретін
акцияларының (жарғылық капиталға
катысу үлестерінің) елу және одан
да көп пайызы Қазақстан
Республикасының Ұлттық Банкіне
тиесілі немесе оның сенімгерлік
басқаруындағы заңды тұлғалардың
және олармен үлестес заңды
тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды
және көрсетілетін қызметтерді
иеленуі [қағидаларына](#)
3-қосымша

Нысан

Бекітілді

(тапсырыс берушінің
шешімі, қабылданған
күні мен нөмірі
көрсетіледі)

**Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін және олардың маңыздылығының шамасын
бағалау өлшемшарттары**

Әлеуетті жеткізушіге әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін және олардың маңыздылығының шамасын бағалаудың мына өлшемшарттары қолданылады:

1)...

2) ...

Тапсырыс беруші

бөлімшесінің басшысы

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2020.18.05. № 70 [Қаулысымен](#) 4-қосымша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
4-қосымша

Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану және олардың маңыздылығы шамасын есептеу әдістемесі

1. Осы әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттарын қолдану және олардың маңыздылығы шамасын есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асырған кезде әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау үшін әзірленді.

2. Тендер қатысушыларының өтінімдері бағалануы тиіс.

3. Тапсырыс беруші тендер тәсілімен сатып алуды жүргізген кезде тендердің талаптарында әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалаудың мына:

1) құндық (тендерлік баға ұсынысы);

2) құндық емес (өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға шығыстар, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу, кепілдік міндеттемелер, технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды озық материалдармен орындау, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасына әсер ететін басқа өлшемшарттар) өлшемшарттары белгіленеді.

4. Тапсырыс беруші бағалау өлшемшарттарын белгілеу қажеттілігін дербес айқындайды және олардың маңыздылығы шамасын көрсетеді.

Тендер талаптарында көзделген бағалаудың барлық өлшемшартының маңыздылығы шамасының сомасы 100 (бір жүз) балл болады.

Бағалаудың құндық өлшемшарты маңыздылығының шамасы 60 (алпыс) балдан төмен емес мөлшерде белгіленеді.

5. Қажет болған кезде, неғұрлым сапалы тауарлар, жұмыстар, қызметтер ұсынатын тендер қатысушысын анықтау үшін тапсырыс беруші техникалық ерекше нұсқамада әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалаудың мынадай құндық емес өлшемшарттарын көздейді:

1) әлеуетті жеткізушіде жүргізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында ұқсас сипаттағы тауар жеткізуге, жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге байланысты жұмыс тәжірибесінің болуы, оның болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін (мысалы, шарттардың, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді қабылдау-өткізу актілерінің, сондай-ақ жүк құжаттарының, шот-фактуралардың және басқа да құжаттардың көшірмелерін) қоса бере отырып;

2) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары және (немесе) сатып алынатын тауарларды пайдалануға шығыстар, оларға техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу, кепілдік міндеттеме - тапсырыс беруші техникалық ерекше нұсқамада өзіне басымды болып табылатын көрсеткіштің неғұрлым жоғары немесе неғұрлым төмен мәнін көрсетеді.

6. Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалаудың жиынтық өлшемшарттары Әдістемеге [қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау кестесінде әрбір лот бойынша құндық және құндық емес өлшемшарттар бойынша балдарды қосу арқылы анықталады.

7. Неғұрлым жоғары балл жинаған әлеуетті жеткізушінің ұсынысы тендер жеңімпазы деп айқындалады.

Тендер жеңімпазынан кейін неғұрлым жоғары балл жинаған әлеуетті жеткізушінің ұсынысы басымды деп айқындалады.

8. Тендер жеңімпазымен сатып алу туралы шарт бағалау өлшемшарттарын және олардың көрсеткіштерін ескере отырып жасалады.

Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін
бағалау өлшемшарттарын қолдану
және олардың маңыздылығы
шамасын есептеу [әдістемесіне](#)
қосымша

Нысан

Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау кестесі

(тендер (лот) тәсілімен сатып алудың атауы)

№	Өлшемшарттың атауы	Белгіленген балл	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Әлеуетті жеткізушінің атауы
1	2	3	4	5
1	Құндық өлшемшарт (тендерлік баға ұсынысы)			
2	1-құндық емес өлшемшарт			
3	2-құндық емес өлшемшарт			
4	3-құндық емес өлшемшарт			
5	Жиынтық баға	100		

Әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау кестесін толтыру бойынша түсіндірме

1. Балл есептеу бағалаудың әрбір өлшемшарты бойынша жүзеге асырылады.

2. Құндық өлшемшарт бойынша бағалау (тендерлік баға ұсынысы) техникалық ерекше нұсқамада кемінде 60 (алпыс) балл мөлшерінде белгіленеді.

Ең төменгі тендерлік баға ұсынсын ұсынған әлеуетті жеткізушіге құндық өлшемшарт үшін көзделген балдың ең жоғарғы саны белгіленеді.

Басқа тендерлік баға ұсыныстарын бағалау үшін есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B_i = (C_{\min} / C_i) * V_3,$$

мұнда,

B_i - i -әлеуетті жеткізушінің есептеген балы;

C_{\min} - әлеуетті жеткізушілер ұсынған тендерлік баға ұсыныстарының жалпы санынан ең төменгі тендерлік баға ұсынысы;

C_i - i -әлеуетті жеткізушінің тендерлік баға ұсынысы;

V_3 - техникалық ерекше нұсқамада құндық өлшемшарт үшін белгіленген маңыздылық шамасы (кемінде 60 (алпыс) балл).

3. Құндық емес өлшемшарт бойынша өтінімдерді бағалау үшін техникалық ерекше нұсқамада Әдістеменің 5-тармағының талаптарын ескере отырып 40 (қырық) балдан аспайтын мөлшерде өлшемшарт белгілейді.

4. Өлшемшартты бағалаған кезде ең жоғары мәні озық болып табылатын, ең жоғары көрсеткіш ұсынған әлеуетті жеткізушіге ең жоғары балл саны (мысалы, кепілдік міндеттемені бағалаған кезде) белгіленеді.

Басқа тендерлік баға ұсыныстарын бағалаған кезде есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B_i = (P_i / P_{\max}) * V_3,$$

мұнда,

B_i - i -әлеуетті жеткізушінің есептеген балы;

P_i - i -әлеуетті жеткізуші ұсынған көрсеткіш;

P_{\max} - әлеуетті жеткізушілер ұсынған ұсыныстардың жалпы санының ең жоғары көрсеткіші;

V_3 - құндық емес өлшемшарт үшін техникалық ерекше нұсқамада белгіленген маңыздылық шамасы.

5. Өлшемшартты бағалаған кезде ең төмен мәні озық болып табылатын, ең төменгі көрсеткіш ұсынған әлеуетті жеткізушіге ең жоғарғы балл саны беріледі.

Басқа тендерлік баға ұсыныстарын бағалау үшін есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B_i = (P_{\min} / P_i) * V_3,$$

мұнда,

B_i - i -әлеуетті жеткізушінің есептеген балы;

P_{\min} - әлеуетті жеткізушілер ұсынған тендерлік ұсыныстардың жалпы санының ең төменгі көрсеткіші;

P_i - i -әлеуетті жеткізуші ұсынған көрсеткіш;

V_3 - құндық емес өлшемшарт үшін техникалық ерекше нұсқамада белгіленген маңыздылық шамасы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің, оның ведомстволарының,
оның құрылымына кіретін ұйымдардың
және дауыс беретін акцияларының
(жарғылық капиталға қатысу
үлестерінің) елу және одан да көп
пайызы Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның
сенімгерлік басқаруындағы заңды
тұлғалардың және олармен үлестес
заңды тұлғалардың тауарларды,
жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
5-қосымша

Нысан

Тендер талаптарымен тендер өткізу туралы хабарландыру

(сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы)

Сатып алуды ұйымдастырушы (атауын, пошталық және электрондық мекенжайларын көрсету) мынадай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді:

(сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы)
сатып алу бойынша тендер өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді лоттарға бөлген жағдайда әрбір лот бойынша сатып алудың атауы көрсетіледі.

Тендер талаптары:

1. Тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі тауарды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша аталған тендерге (лотқа) бөлінген соманы көрсете отырып

_____ теңгені құрайды.

(сомасы цифрмен және жазумен)

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді лоттарға бөлген жағдайда сомасы әрбір лот бойынша жеке көрсетіледі.

2. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы және әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін бағалау өлшемшарттары және олардың маңыздылығының шамалары (болған кезде) (___ парақта).

3. Маңызды талаптар көрсетілген сатып алу туралы шарттың жобасы (___ парақта).

4. Тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) орны:

_____ (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу орны және олардың

_____ көлемдері көрсетіледі)

5. Тауарларды жеткізудің (жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің) талап етілген мерзімі _____.

Тендерге қатысуға өтінімді әлеуетті жеткізушілер не олардың уәкілетті өкілдері сатып алу порталы арқылы немесе қолына не тапсырысты пошта байланысын пайдалана отырып (қажеттісін көрсету) мына мекенжай

бойынша: _____

(толық мекенжайын, кабинет нөмірін көрсету)

сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады.

6. Тендерге қатысуға өтінім берудің түпкілікті мерзімі

_____ дейін.

(уақыты мен күнін және орнын көрсету)

7. Тендерге қатысуға өтінімдер _____

(уақыты мен күнін көрсету)

мына мекенжай бойынша: _____

(толық мекенжайын, кабинет нөмірін көрсету)

ашылады.

8. Тендер талаптарын түсіндіру қажет болған кезде әлеуетті жеткізушілер 20 __ жылғы «__» _____ сағат ____ минуттан кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға жазбаша өтініш жасайды.

Әлеуетті жеткізушілердің сұратуларын сатып алуды ұйымдастырушының мына деректемелері бойынша жіберу қажет:

_____ (сатып алуды ұйымдастырушының байланыс телефондарын, электрондық пошта

мекенжайын, пошталық (заңды) мекенжайын көрсету)

9. Сатып алуды ұйымдастырушы сұратуды алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

1) тендер тәсілімен электрондық сатып алуды өткізген кезде тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында не сатып алу порталында (қажеттісін көрсету) тендер талаптары түсіндірмесінің мәтінін жариялайды;

2) тендер талаптарына рұқсат алған әлеуетті жеткізушілерге тендер талаптары түсіндірмесінің мәтінін әлеуетті жеткізушілердің электрондық пошталары арқылы не сұратудың кімнен түскенін көрсетпестен сатып алу порталы арқылы автоматты түрде (қажеттісін көрсету) хабарлайды.

10. Сатып алуды ұйымдастырушы 20 __ жылғы «__» _____ сағат ____ минут кешіктірмей өз бастамасы бойынша не әлеуетті жеткізушінің сұратуына жауап ретінде тендер талаптарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізеді.

Тендер талаптарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей тендер тәсілімен электрондық сатып алуды өткізген кезде тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында не сатып алу порталында (қажеттісін көрсету) тендер талаптарына өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін орналастырады.

Тендерге қатысуға өтінім ұсынудың түпкілікті мерзімі кемінде күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын ұзартылады.

11. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші хабарландыруда белгіленген мерзімде Қағидалардың [50](#) және (немесе) [53-тармағында](#) көзделген құжаттарды ұсынады.

Электрондық сатып алу өткізген кезде құжаттардың әлеуетті жеткізушінің басшысының не ол уәкілеттік берген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық көшірмелерін ұсынады.

Әлеуетті жеткізушінің тендерлік өтінімі Қағидаларда көзделген талаптарға сәйкес ресімделуі тиіс.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады:

Тендерлік

(қаланың кодын және телефон нөмірін көрсету)

комиссия

хатшысы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және байланыс телефоны көрсетіледі)

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.23.12. № 253 [Қаулысымен](#) б-қосымша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#)); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) б-қосымша өзгертілді ([бұр.ред.қара](#))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#) б-қосымша

Нысан

Тендерге қатысуға өтінім

Кімге _____
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен _____
(әлеуетті жеткізушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Тендерге қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер:

Әлеуетті жеткізушінің заңды, пошталық мекенжайы, электрондық поштасының мекенжайы (бар болса) және байланыс телефондары	
Әлеуетті жеткізушінің банктік деректемелері (бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН)/ жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), банктік сәйкестендіру корды, жеке сәйкестендіру корды, сондай-ақ заңды немесе жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы	
Әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН	

2. _____
(әлеуетті жеткізушінің толық атауы көрсетіледі)

осы өтінім арқылы тендер тәсілімен сатып алуға _____
(тендердің толық атауын көрсету)

әлеуетті жеткізуші ретінде қатысуға ниет білдіреді және тендерде көзделген шарттар мен талаптарға сәйкес тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді (қажеттісін көрсету) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. Әлеуетті жеткізуші осы өтінім арқылы өзіне толық жауапкершілік қабылдайды және өзіне:

1) әлеуетті жеткізуші және оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) (болған кезде) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмауы және тапсырыс берушімен және (немесе) оның үлестес тұлғаларымен бұрын жасасқан шарттар бойынша міндеттемелерін адал орындағаны;

2) әлеуетті жеткізушінің құрылтайшылары, акционерлері, әлеуетті жеткізуші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болмайтыны не өткізілетін сатып алуда тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) қызметкерлері болып табылмайтыны;

3) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қызметкерінің тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) өткізілетін сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеуі, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатыспайтыны;

4) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші басшысының:

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынасының болмағаны;

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылмайтыны;

5) сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізушінің басшысы болып табылмайды және (немесе) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынасы болған жоқ;

6) атқарушылық іс жүргізулер бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде атқарушы құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмағаны;

7) әлеуетті жеткізуші мен әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасының бір тендерге (лотқа) қатыспағаны;

8) банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқтығы;

9) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілмегені туралы талаптарды қабылдайтынын растайды.

4. Осы арқылы сондай-ақ әлеуетті жеткізушінің Қағидалардың [192-тармағында](#) көзделген

жағдайларда

(тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын көрсету)

сатып алу туралы шартты бұзуға келісімі білдіріледі.

5. Тендердің талаптарымен танысқанымызды және сатып алуды ұйымдастырушыға және тендерлік комиссияға жеткізілетін тауарға (тауарларға), орындалатын жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге өзінің құқықтық қабілеттілігі, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес ақпарат ұсынғаны үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қағидаларда көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенін растаймыз.

Тендерлік өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда осындай дәйексіз мәліметтерді бергені үшін толық жауапкершілік қабылдаймыз.

6. Біздің тендерлік өтінім тендерлік өтінімдерді ашқан күннен бастап кемінде 90 (тоқсан) күн ішінде қолданыста болады.

7. Біздің тендерлік өтінім жеңді деп танылған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сатып алу туралы шарттың жобасында көрсетілген мөлшерде енгіземіз.

8. Сатып алу туралы шартты жасасқанға дейін тендерлік өтінім тапсырыс беруші мен біздің арасындағы міндетті сатып алу шартының рөлін орындайтын болады.

9. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізушінің сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынатын тендерлік өтінімде мыналар қамтылады:

(әлеуетті жеткізуші қоса беретін құжаттардың тізбесін көрсетеді).

(әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы).

Толтыру күні _____

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.22.06. № 55 [Қаулысымен](#) 7-қосымша өзгертілді (бұр.ред.қара)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#) 7-қосымша

Нысан

Тендерге қатысу туралы келісім

1. Осы арқылы тендер тәсілімен әлеуетті жеткізуші ретінде осы электрондық сатып алуға қатысуға ниетімізді және тендер талаптары мен шарттарына сәйкес

_____ тауарды (тауарларды) жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге келісімімізді білдіреміз.

2. Осы арқылы өзімізге толық жауапкершілікті қабылдаймыз және мынадай талаптарды қабылдайтынымызды растаймыз:

1) әлеуетті жеткізуші және оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушы) (болған кезде) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмайды және тапсырыс берушімен және (немесе) оның үлестес тұлғаларымен бұрын жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін адал орындаған;

2) әлеуетті жеткізушінің құрылтайшылары, акционерлері әлеуетті жеткізуші басшыларының және (немесе) аталған әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие емес не өткізілетін сатып алуда тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) қызметкерлері болып табылмайды;

3) әлеуетті жеткізуші және (немесе) оның қызметкері тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) өткізілетін сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеген, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатыспаған;

4) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушінің басшысы:

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қарым-қатынаста болмаған;

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылмайды;

5) сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізушінің басшысы болып табылмайды және (немесе) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қарым-қатынаста болмаған;

6) атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлердің тізіліміне сәйкес әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде атқарушы құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері жоқ;

7) әлеуетті жеткізуші және әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы бір тендерге (лотқа) қатыспайды;

8) банкроттық не тарату рәсіміне қатысы жоқ;

9) әлеуетті жеткізуші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) және (немесе) олардың басшысы, құрылтайшылары (акционерлерің) жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілмеген.

3. Осы арқылы әлеуетті жеткізушінің Қағидалардың [192-тармағында](#) көзделген жағдайларда сатып алу (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын көрсету) туралы шартты бұзуға келісімі де білдіріледі.

4. Тендер талаптарымен танысқанымызды және сатып алуды ұйымдастырушыға және тендерлік комиссияға өзіміздің құқықтық өкілеттігіміз, біліктілігіміз, жеткізілетін тауардың (тауарлардың), орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің сапалық және

өзге де сипаттамалары, авторлық және аралас құқықтарды, сондай-ақ Қағидаларда көзделген өзге де шектеулерді сақтау туралы дәйексіз мәліметтерді бергеніміз үшін жауапкершілік жөнінде хабардар екендігімізді растаймыз.

Тендерлік өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда осындай дәйексіз мәліметтерді ұсынғанымыз үшін толық жауапкершілікті қабылдаймыз.

5. Біздің тендерлік өтінім тендерлік өтінімдерді ашқан күннен бастап кемінде 90 (тоқсан) күн қолданылады.

6. Біздің тендерлік өтінім жеңімпаз деп танылған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сатып алу туралы шарттың жобасында көрсетілген мөлшерде енгіземіз.

7. Сатып алу туралы шартты жасасқанға дейін тендерге қатысуға біз берген өтінім тапсырыс беруші мен біздің арамыздағы міндетті сатып алу туралы шарттың рөлін орындайтын болады.

8. Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынатын тендерлік өтінімде құжаттардың әлеуетті жеткізушінің басшысының не ол уәкілеттік берген тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық көшірмелері қамтылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің, оның ведомстволарының,
оның құрылымына кіретін
ұйымдардың және дауыс беретін
акцияларының (жарғылық капиталға
қатысу үлестерінің) елу және одан
да көп пайызы Қазақстан
Республикасының Ұлттық Банкіне
тиесілі немесе оның сенімгерлік
басқаруындағы заңды тұлғалардың
және олармен үлестес заңды
тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды
және көрсетілетін қызметтерді
иеленуі [қағидаларына](#)
8-қосымша

Нысан

(әлеуетті жеткізушінің атауы)

баға ұсынысы

(лоттың нөмірі көрсетіле отырып, әрбір лотқа жеке толтырылады)

№	Мазмұны	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы
1	Қысқаша сипаты	
2	Шығарған елі (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырылмайды)	
3	Өндіруші зауыт (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырылмайды)	

4	Өлшем бірлігі	
5	ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 (межелі орны) _____ талаптарымен _____ біреуінің _____ бағасы	
6	Саны (көлемі)	
7	Барлық бағасы = _____ 5-жолды x 6-жолды	
8	Әлеуетті жеткізушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кеден бажын, салықтарды, төлемдерді мен алымдарды төлеуге арналған шығыстарын, жинақтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектердің, бір өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетуге арналған құнын, сондай-ақ ҚҚС сомасын шегергенде, тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету талаптарында көзделген басқа да шығыстарды қоса алғанда, ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 (межелі орны) _____ талаптарымен _____ жалпы бағасы (әлеуетті жеткізушінің барлық шығыны ескеріле отырып қаралады және қайта қаралмайды)	

(Әлеуетті жеткізуші басшысының не ол уәкілеттік берген адамның қолы)
(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
9-қосымша

Нысан

Тендерде сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлескен орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлері

(тендердің толық атауын көрсету қажет)

№	Қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушы) - заңды тұлғаның атауы не жеке	Қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) БСН (ЖСН), оның толық	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың
---	--	--	--	--	--

	тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	заңды және (немесе) пошталық мекенжайы, байланыс телефоны	(көрсетілетін қызметтердің) атауы	(көрсетілетін қызметтердің) ақшалай мәндегі көлемі	(көрсетілетін қызметтердің) пайыздық мәндегі көлемі
Осы қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) бойынша барлығы				теңге	көлемінің %
Осы қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) бойынша барлығы				теңге	көлемінің %
Барлық қосалқы мердігерлер (бірлескен орындаушылар) бойынша жиынтығы				теңге	көлемінің %

Осы арқылы тендерге (тендердің толық атауын көрсету) қатысуға өтінім беретін әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігері (және) бірлескен орындаушысы көрсетілген сатып алуға қатысудың талаптары туралы өзінің хабардар екендігін білдіреді және әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлеріне (бірлескен орындаушыларына) қатысты бөлігінде тендердің шарттарында көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

Қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қолы

Әлеуетті жеткізушінің жұмыстардың және (немесе) қызметтердің жалпы көлемінің үштен екі бөлігінен асатын жұмыстардың және (немесе) қызметтердің, оның ішінде ілеспе қызметтердің көлемін қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) беруіне жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп

пайызы Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның
сенімгерлік басқаруындағы заңды
тұлғалардың және олармен үлестес
заңды тұлғалардың тауарларды,
жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
10-қосымша

Нысан

Банк кепілдігі

Банктің атауы _____
(банктің атауы және деректемелері)

Кімге _____
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы және деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

_____ ЖЫЛҒЫ « _____ » _____

(орналасқан жері)

Біз _____
(әлеуетті жеткізушінің атауы)

бұдан _____ әрі _____ «Жеткізуші»,
_____ ұйымдастырған
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы)

(сатып алудың атауын көрсету)
сатып алу бойынша тендерге қатысатыны және _____
(тендер (лот (лоттар) бойынша

_____ (сатып алудың атауын көрсету)
тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы)
жеткізуді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге) дайын екендігі
жөнінде хабардар болдық.

Тендердің шарттарында әлеуетті жеткізушілердің банк кепілдігі түрінде тендерлік
өтінімді қамтамасыз етуін енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз _____
(банктің атауы)

осы арқылы Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ Жеткізушінің:
тендерлік өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері
қайтарып алғандығы не өзгерткендігі және (немесе) толықтырғандығы;

бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолданумен өтетін тендерге қатысушы
ретінде танылған тендерге қатысушы сауда-саттықты өткізу басталғаннан кейін 10 (он)
минут ішінде (электрондық сатып алуды жүргізген кезде - 30 (отыз) минут ішінде)
тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсынысты бермегені. Егер
бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдану тендеріне қатысушылардың бірдей біреуі
белгіленген уақытта тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс
бермесе, ақы төлеуге талап өтпеген деп танылған лот сомасының 1 (бір) пайызына тең
келетін тендерлік өтінімдерді қамтамасыз ету сомасының мөлшерінде ұсынылады;

тендердің жеңімпазы анықтаған сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартқаны;

Қағидалардың [181-тармағының](#) екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алу туралы шарт жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы тендердің сатып алу туралы шарттарында белгіленген талаптарды орындамағандығы не уақтылы орындамағаны туралы жазбаша растамаңызды алу бойынша Сізге талабыңыз бойынша

(сомасы цифрмен және жазумен)

тең соманы төлеуге қайтарылмайтын міндеттемені өзімізге қабылдаймыз.

Осы кепілдік міндеттеме тендерлік өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттеме Жеткізушінің тендерлік өтінімінің соңғы қолданылу мерзіміне дейін қолданылады және егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз _____ аяғына дейін алмасақ, осы құжат бізге қайтарылатынына немесе қайтарылмайтынына қарамастан, толық және автоматты түрде аяқталады. Егер тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылса, онда осы кепілдік міндеттеме сол мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы

Күні және мекенжайы

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің, оның ведомстволарының,
оның құрылымына кіретін ұйымдардың
және дауыс беретін акцияларының
(жарғылық капиталға қатысу
үлестерінің) елу және одан да көп
пайызы Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның
сенімгерлік басқаруындағы заңды
тұлғалардың және олармен үлестес
заңды тұлғалардың тауарларды,
жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
11-қосымша

**Тапсырыс беруші үздіксіз қызметті қамтамасыз ету үшін сатып алатын күн
сайынғы және
(немесе) апта сайынғы қажеттілік тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін
қызметтерінің
тізбесі**

1. Тамақ өнімдері, ауыз су (бөтелкедегі).
2. Кеңсе тауарлары, А-4, А-3 форматындағы қағаз.
3. Тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметтер.
4. Жуу қызметін көрсету бойынша қызметтер.
5. Автокөлік қызметтері, жанар-жағармай материалдары.
6. Әкімшілік үйлер мен ғимараттарды ұстау бойынша көрсетілетін қызметтер (жұмыстар):

1) ішкі үйлер мен ғимараттардың қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты таза ұстау;

- 2) ғимаратқа жапсарлас аумақты абаттандыру және көгалдандыру және ғимарат ішіндегі жасыл желекті күту;
- 3) үйлердің ішкі үй-жайларын, ғимараттардың және оған жапсарлас аумақты санитарлық өңдеу, ғимаратқа жапсарлас аумақтан қоқыс пен қарды шығару;
- 4) үйлер мен ғимараттарды күзету, өрт қауіпсіздігін және оған жапсарлас аумақты күзетпен, сигнализациямен және күзеттің басқа құрылғыларымен қамтамасыз ету;
- 5) сантехникалық, электр монтаждау жұмыстары;
- 6) лифттерді, кондиционерлерді техникалық қамтамасыз ету және жөндеу.
7. Байланыс қызметтері (оның ішінде Интернет, спутник, телефон байланысы, ұялы байланыс, пошта байланысы).
8. Ақпараттық жүйелерге ілеспе қызмет көрсету бойынша қызметтер.
9. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру қызметтері.
10. Серверлік бөлмелерде өрт сөндіру және салқындату жүйелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер.
11. Аппараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер.
12. Үйлерді, үй-жайларды және (немесе) ғимараттарды жалдау бойынша қызметтер.
13. Жалға алынатын үйлерді, үй-жайларды және (немесе) ғимараттарды жалдау қызметтері.
14. Қызметтік және арнайы автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер.
15. Ұйымдастырушылық техникаға арналған шығыс материалдары және картриджерді толтыру бойынша қызметтер.
16. Объектілерді күзету бойынша қызметтер.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
12-қосымша

Тауарларды өндіретін және (немесе) жеткізетін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері мен Мемлекеттік сатып алу туралы заңның [51-бабы 3-тармағы](#) бірінші бөлігіне сәйкес айқындалған Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесі

Өндірілетін тауарлар, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер:

- 1) төсек жаймаларының барлық атаулары, көрпе, матрастар, жамылғы, әртүрлі жастықтар, сүлгі, майлықтар, жастық тыстары, матрасқа арналған тыстар;

2) мақтадан жасалған күртеше, мақтадан жасалған жылы шалбар, жылуды сақтайтын костюм, жылы шолақ комбинезон, жылы кеудеше, жылы күртеше, бүркемеленген далалық костюм, шалбар, мақта-матадан жасалған жұмыс костюмі, мақта-матадан жасалған далалық костюм, бүркемеленген далалық күртеше, дәнекерлеуші костюм, аккумуляторшының костюмі, жұмыс комбинезоны, аспаз костюмі, наубайшы костюмі, түрлі қалпақтар;

3) түрлі халаттар, түрлі алжапқыштар, бірегей нысанды киім, сигналдық кеудеше, хирургиялық костюмдер, мақта-матадан жасалған бахилалар, өндірістік және шаруашылық персоналдың нысанды киімі, көрпе, әртүрлі ішкі жейделер, түрлі жейделер, түрлі үшкіл орамалдар, жаға астары, қолғаптар, шымылдықтар;

4) құжат тігілетін папкалар, конверттер, қағазға арналған папкалар, сызғыштар;

5) банкноттық және монеталық өнімге арналған арнайы орауларды қоспағанда, орайтын қораптар, мұрағат қораптары;

6) ағаш бұйымдары;

7) абаттандыру, көгалдандыру.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкінің, оның ведомстволарының,
оның құрылымына кіретін ұйымдардың
және дауыс беретін акцияларының
(жарғылық капиталға қатысу
үлестерінің) елу және одан да көп
пайызы Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның
сенімгерлік басқаруындағы заңды
тұлғалардың және олармен үлестес
заңды тұлғалардың тауарларды,
жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі [қағидаларына](#)
13-қосымша

Нысан

Банктік кепілдік

(сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны)

Банктің атауы: _____
(банктің атауы және деректемелері)

Кому: _____
(тапсырыс берушінің атауы және деректемелері)

№ ___ кепілдік міндеттеме

_____ жылғы « ___ » _____
(орналасқан жері)

_____ -ның
(жеткізушінің атауы)

«Жеткізушінің» _____
(тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің сипаты)

жеткізу (орындау, көрсету) үшін ___ жылғы _____ № ___ сатып алу шартын жасағанын
(жасайтынын) және Сіздің Шартта Жеткізушінің _____ мөлшерде.

(сомасы цифрлармен және жазумен)
Шарттың жалпы сомасының _____ %-на сәйкес келетін _____ теңге

(сомасы цифрлармен және жазумен)
жалпы сомадағы банктік кепілдік түріндегі оның орындалуын қамтамасыз етуді
енгізетіні көзделгеніңізді назарға ала отырып,

Осы арқылы _____ жоғарыда көрсетілген
(банктің атауы)

Шарт бойынша гарант болып табылатынын және Сіздің талабыңыз бойынша Сіздің ақы төлеуге арналған жазбаша талабыңызды, сондай-ақ Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағы немесе тиісінше орындамағаны туралы жазбаша растаманы алғаннан кейін Сізге банктік кепілдіктің сомасын міндетті түрде төлейтінін растаймыз.

Осы кепілдік міндеттеме оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін қолданыста болады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындаған барлық құқық пен міндеттеме Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Гаранттың қолы

Күні және мекенжайы